

Ә.Е. ЖҰМАБАЕВА, Г.И. УАЙСОВА, Г.Т. СӘДУАҚАС

Қазақ тілі

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

2

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Ж 81

*Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 21 шілдедегі №463 бұйрығымен бекітілген бастауыш
білім беру деңгейінің 2–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің
Түптік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

Шартты белгілер:



– Мерей



– Өлі



– жаңа сабақ



– айт



– оқы



– күрделі тапсырма



– жаз



– жұппен жұмыс



– жаңа ақпарат



– есіңе сақта



– ізден



* – түсінік берілетін сөздер



– топтық жұмыс



– тыңда



– дереккөзден ізде



– ойлан



– орфографиялық сөздік

Жұмабаева Ә.Е. т.б.

Ж 81 Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді/Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас. – Алматы: Атамұра, 2017.

ISBN 978-601-306-697-4

1-бөлім. – 2017. – 128 б.

ISBN 978-601-306-698-1

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-306-698-1 (1-бөлім)

ISBN 978-601-306-697-4

© Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И.,
Сәдуақас Г.Т., 2017

© «Атамұра», 2017

ЖАС ДОС!

Сен 1-сыныпта «Сауат ашу» пәні арқылы сауатты оқу мен жазуға үйреніп, достарыңмен ізгілікті қарым-қатынас орнатуға ұмтылыс жасадың. Өз ойыңды басқалар түсінетіндей етіп айтып беруге талпындың.

2-сыныпта тіл туралы көбірек білетін боласың. Бұған қолыңдағы «Қазақ тілі» оқулығын оқып-үйрену арқылы қол жеткізесің. Оқулық саған беймәлім, жұмбақ нәрселердің сырын ашуға көмекке келеді. Сауатты, мәнерлі, дәл, әдепті сөйлеудің және достарыңмен, үлкендермен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйретеді.

«Қазақ тілі» оқулығы тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекеттерінің көмегімен дыбыс пен әріп, сөз бен сөйлем туралы қызықты мағлұматтар алуыңа, мәтін түрлерімен танысуыңа жағдай жасайды.

Қазақ тілін танып білудегі талпынысыңа сәттілік тілейміз!

Оқулық авторлары



ӨЗІМ ТУРАЛЫ



сөйлеу
ана тілі
қазақ тілі
диалог
монолог
ауызекі сөйлеу
сөукеле
сыйлық
баяу
от

- Сөйлеу не үшін қажет екенін;
- ана тілі дегеніміздің не екенін;
- **у**-дың дауысты және дауыссыз болып айтылу ерекшелігін;
- мәтін туралы білетінімді **есіме түсіремін**.
- Диалог пен монологтің не екенін;
- сөйлеу түрлерін;
- **у, и, й, я, ю** әріптерінің жазылу емлесін **білетін боламын**.
- Ауызекі және жазбаша сөйлеуді ажыратуды;
- диалогті монологтен ажыратуды;
- түрлі дереккөздерден ақпарат алуды;
- мәтінмен жұмыс істеуді;
- **у, и, й, я, ю** әріптері бар сөздерді сауатты жазуды **үйренемін**.



1

Менің ана тілім – қазақ тілі

Сөйлеу не үшін қажет?



– Қазақ тілі – менің ана тілім. Мен ана тілімде оқып, жаза аламын, басқалармен әңгімелесемін және білмегенімді сұраймын. Мұның бәрін өз ана тілімді жақсы білгендіктен орындай аламын.



– Белгілі ақын Қадыр Мырза Әли ана тілінде сөйлеудің маңызды және қажетті екенін «Ана тілі» деген өлеңінде айтады. Оқып көрейік.

1. Өлеңді көтеріңкі дауыспен мәнерлеп, түсініп оқы.

Ана тілі

Ана тілің, біліп қой –
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің, біліп қой –
Мақтанышың, елдігің.

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!

- Өлең не туралы?
- Ақын неліктен «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» дейтінін топта талқыла.
- Сенің ана тілің қай тіл? сұрағына жазбаша жауап бер.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Сөйлеу – ғажап құбылыс. Ол адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы үшін қажет.

Ана тіліңді құрметтеп, еркін әрі таза сөйлеп үйрен.





- Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қой және жауап бер.



Сөйлеу сұрақ, жауап, әңгімелеуден тұрады.



3. Суреттерге қара. Адамдар бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасауда? Олардың қайсысы ауызекі, қайсысы жазбаша сөйлеуді қолданды? Қарым-қатынас жасауда қимыл мен ымның көмегі бар ма? Жан-жануарлар сөйлей ала ма?



- Төмендегі сөйлемдер әр суреттің атауы бола ала ма?

1. Оқу мен жазу – егіз. 2. Мысық неге мияулады? 3. Ым мен қимыл – түсінісу құралы.



- 4. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз.

... – адамға ғана тән құбылыс. Жан-жануарлар Олар тек ... шығарады.

Керекті сөздер: дыбыс, сөйлеу, сөйлей алмайды.



Ауызекі және жазбаша сөйлеу

- 2 5. Жұмбақтарды қимыл мен ым-ишара арқылы жасырып көр.

Сөзі дана, үні жоқ,
Сөйлемейді – тілі жоқ.
Қолыңа алсаң – шешен,
Ақылы асқан көсем.



Әрі шешен, әрі әнші, әрі күйші,
Әр үйде бар, тапқышым, көне, білші.

6. Жұмбақтардың шешуіндегі сөздер сөйлеудің қай түріне жататынын анықта.



Кітап жазбаша сөйлеу түріне, *радио* ауызекі сөйлеу түріне жатады.



Ауызекі және жазбаша сөйлеу дегеніміз не?



Сөйлеудің бұл түрлерін төмендегі мәтіннен біле аламыз.

7. Мәтінді түсініп оқы.

Біздің еститін және айтатын сөйлемдеріміз **ауызекі сөйлеу** деп аталады. Яғни бұл – үн арқылы берілетін сөйлеу.

Жазбаша сөйлеу – жазылып берілетін хабар. Сөйлеудің бұл түрі бірден пайда болған жоқ. Алғашқыда адамдар айтқысы келген ойын суретпен бейнелеген. Мұндай суретті бейнелер ескі үңгір қабырғалары мен тастарда сақталған.

Қазір жазу үшін әріптер және басқа бейнелер пайдаланылады.



- Сұрақтарды жалғастырып көр және жауап бер.

1. Ауызекі сөйлеу дегеніміз не?
2. Жазбаша сөйлеу ше?
3. ...?
4. ...?



- Мәтіннің алғашқы бөлігін көшіріп жаз.



• Алғашқы адамдар суреттердің көмегімен не айтқысы келгенін «оқып» көр. Сыныптастарыңды тыңда. Бұл суреттерді неліктен әртүрлі «оқығандарыңды» түсіндір.



Ерте заманда адамдар әріптерді білмеген. Олар сөзді сурет және басқа белгілермен беруге тырысқан.



8. Алдымен суретте берілген сөздердің алғашқы әріптерінен сөз шығарып айт. Сонан соң әріптер арқылы жазылған мақалды оқып көр.



1



2



3



6



4

5



Тіл қаруы – сөз,
Сөз қаруы – ой.



7



• Ауызекі сөзін осы тәрізді басқа суреттердің көмегімен құрастырып жаз.



- Мақалды жатқа жаз.

9. Суреттегі заттар арқылы сөйлеудің қай түрі жүзеге асады?
Сыныптас досыңмен талқыла.



компьютер



3

10. Өлеңді дауыс ырғағымен оқы.

- Бүлдірген тереміз, балақай.
- Алақай!
- Ат жарыс көреміз, балақай.
- Алақай!
- Айға ұшып барамыз, балақай.
- Алақай!
- Кел, ағаш жарамыз, балақай.
- Әй, ата-ай!

Қадыр Мырза Әли

• Өлеңдегі кейіпкерлерді анықта. Олардың саны нешеу?

бүлдірген



Екі немесе бірнеше адамның сөйлесуі *диалог* деп аталады.

11. Өлеңді түсініп оқы.

Мен қазақтың тілімін!
Мен қазақтың тілімін,
Беретін көп білімім.

диалог

Достасатын сендермен
Жаңа пәннің бірімін.

Үйретем тіл заңдарын,
Сөзіме құлақ сал бәрің,
Менімен тез іске асар
Ойға алған арманың.

Оразақын Асқар



- Өлең не туралы? Ол неліктен тілдің атынан айтылып тұр? Өзің қорытынды жасап көр.



Өзіне немесе тыңдаушыға қаратып айтылған бір гана адамның сөйлеуі **МОНОЛОГ** деп аталады.



12. Мақалды көшіріп жаз.

МОНОЛОГ

Аз сөйле, көп тыңда.



- Мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып, астын сыз.
- Жұп болып, бір-біріңе мақалдың мәнін түсіндіріп көріңдер.
- Жазған мақалың монолог бола ала ма? Болса, дәлелдеп көр.



13. «Түлкі мен Қырғауыл» ертегісінен үзінді оқы.





- Сәлеметсіз бе, Қырғауылым, халіңіз* қалай?
- Жақсы, өзіңіз ше?
- Жерге түсіп сөйлессеңіз қайтеді, бір құлағым естімеуші еді.
- Жерге түсуге қорқамын, жерде өртүрлі аңдар бар, жеп қоюы мүмкін.

хал

- Ертегі үзіндісі диалог пе, әлде монолог пе? Дәлелде.
- *Сәлеметсіз бе* сөзін қай кезде қолданады? Тағы қандай амандасу сөздерін білесің?



14. Диалогті көшіріп жаз.

- Амансыз ба, әже!
- Аманбыз, балам!
- Халіңіз қалай, әже?
- Аллаға шүкір, жақсымын, балам.

Сыныптас досыңмен ата мен бала рөлінде амандасу жағдаятын құрастырып көріңдер.



4

Өзіме киім үлгісін таңдаймын

У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы

15. Кестедегі сөздерді оқы.

Дауысты у	Дауыссыз у
сурет, елу, сусын, шуақ	дәуіт, егеу, әуен, бауырмал, уық



- Сөздердегі у дыбысының қандай жағдайда дауысты, қандай жағдайда дауыссыз болатыны туралы өзің қорытынды жасап көр. Жасаған қорытындыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.





Дауыстыдан соң және сөз басында дауыстыдан бұрын келген у дыбысы дауыссыз болады: *әуежай, уақыт, Сәуле*.
Дауыссыздан соң және сөз басында дауыссыздан бұрын келген у дыбысы дауысты болады: *сусын, елу, улап-шулап*.



16. Мәтінді түсініп оқы.

Сәуле – өздерің сияқты екінші сынып оқушысы. Ол сәнді киінгенді ұнатады. Әсіресе, қуыршағына түрлі киім таңдап, сәнді киіндіргенді жақсы көреді. Бүгін қуыршағына қазақтың ұлттық киімін кигізбекші. Бірақ баскиім таңдауда қатты қиналды. Ол ойлана келіп, қуыршағына ... кигізді.



• Сәуле қуыршағына ұлттық баскиімдердің қайсысын кигізді? Болжап көр.



сәукеле



• Сәукелені сипатта. Сипаттау барысында *әдемі, гауһар тастармен көмкерілген, оюланған, матамен тысталған* сөздерін пайдалан.



• Мәтіннен у дыбысы бар сөздерді теріп жаз. Дауысты у дыбысының астын – бір, дауыссыз у дыбысының астын екі рет сыз.



17. Мәтінді көшіріп жазып, дауысты у дыбысының астын – бір, дауыссыз у дыбысының астын екі рет сыз.

Бұйымдарды* кестемен өшекейлеу – халық қолөнерінің бір түрі. Өрбір халық өз ұлттық ою-өрнектерін тіккен кестелерінде пайдаланады.

қамзол

тақия

Қазақ халқының кесте тігу өнері алуан түрлі. Солардың бірі – кестемен қамзол*, белдемше*, тақияларды безендіру. Мұндай өнерге қыздарды кішкентай кезінен бастап үйретеді.

- Ұлттық ою-өрнектердің қандай түрлерін білесің?
- Өзіңе ұнайтын ою-өрнекті жасап көр.

18. Кестені тиісті сөздермен толықтыр.

Дауысты у	..., ..., ..., ..., ...,
Дауыссыз у	..., ..., ..., ..., ...,



19. Мәтінді түсініп оқы.

5

Дала гүлдері (Ертегі)

Далада өсіп тұрған Бәйшешек пен Бақбақ бір-бірімен таласып қалды.

– Ең әдемі гүл менмін! Ең бірінші өсіп шығып, көктем келгенін хабарлап, елді қуантамын! – деді Бәйшешек.

– Жоқ! Ел мені жақсы көреді. Өйткені менің екі баскиімім бар. Біріншісі – гүлдей жайнаған сары гүл. Екіншісі – үлпілдеген үкілі бөрік, – деді Бақбақ қарсыласып.

Екеуінің сөзін тыңдап тұрған қарт кісі:

– Таласпаңдар! Сендердің екеуің де әдемісіңдер! Иістерің де керемет. Екеуің қатар тұрғанда даланы жайнатып, иістерің адамдарға қуаныш сыйлайды, – деді.

Содан бері Бәйшешек пен Бақбақ таласпайтын болыпты.

«Балдырған» журналынан

- Мәтіннен у дыбысы бар сөздерді тап. У дыбысының дауысты немесе дауыссыз екенін айт.

20. Өлеңді көшіріп жаз. У дыбысы бар сөздердің астын сыз.

Халқымызда қыздар көп,
Иеленген гүл атын.

Әпкем аты – Раушан,
Қарындасым – Жауқазын.

«Балдырған» журналынан

- У-дың дауысты немесе дауыссыз екенін дәлелде.



- Суреттегі гүлдермен аттас қыздардың есімдерін тауып көр.



21. Суреттен өзіңе ұнайтын киім үлгілерін таңда және оның себебін түсіндір.



22. Сөздерді буынға бөліп оқы.



- У-дың дауысты немесе дауыссыз екенін дәлелде.
- Қалаған сөзіңмен сөйлем құрап жаз.



У әрпінің жазылуы



6 23. Мәтінді тыңда.

Жануарлардың мерекелік киімдерін дайындау – қызықты жұмыс. Тауық, тауыс, маймыл, қу түлкі сияқты жануарларды бейнелеу үшін олардың өзіне тән киім үлгілерін дайындау

керек. Мұндай мерекелік киімдер рөлдік ойынды қызықты етіп көрсетеді. Жануарлардың осындай мерекелік киімдері олардың өзіндік ерекшеліктерін танытатын болады.

• Мәтін не туралы? Сен өз қолыңмен осындай костюмдер әзірлеп көрдің бе?

• *Жануар, ұқсату* сөздеріндегі **у** дыбысының айтылуы мен жазылуын салыстыр.

24. Суреттегі жануарларды ата. Оларды қандай белгілеріне қарап таныдың?



• Тауықтың мерекелік киімін қағаздан жасап көр немесе суретін сал.

• *Тауық, тауыс* сөздерін буынға бөліп айтып көр. **У** дыбысы қай буында тұр? Дауысты ма, әлде дауыссыз ба?

• *Тауық* сөзіндегі әріптерді пайдаланып, бірнеше сөз жаса. Құрамында дауысты **у** дыбысы бар сөздерді бір бағанға, дауыссыз **у** дыбысы бар сөздерді екінші бағанға топтап жаз.

25. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Оқушылар қойылымға қажет жан...арлар костюмдерін таңдады. 2. Қойылымда қ... түлкі а...ыл маңын торыды*. 3. Та...ыстың киімі әдемі-ақ. 4. Қырға...ыл киімін киген Дә...ренді алғашқыда танымай қалдық.



26. Көбелек киімін киген Дулаттың қанатындағы сөздерге назар аудар. Осындағы ұқсастықтар мен айырмашылықты тап.



Есіңе сақта!

Ы, і дыбыстарына аяқталған сөздерге **у** дыбысы қосылса, **ы, і** дыбыстары түсіп қалады: *тасы – тасу, оқы – оқу, торы – тору.*



27. Мәтінді оқы. Сандуғаштың қандай көйлек таңдағанын ребус шешуінен біле аласың.

Сандуғаш анасымен дүкенге келді. Сатушы алуан түрлі көйлектерді көрсетті. Сандуғаш ... көйлекті таңдады.



”

”5



”

”7” К*



• Сандуғаш көйлектің бұл түрін не үшін таңдағаны туралы өз ойыңды жазбаша білдір. Ойыңды «Менің ойымша, ...» деп бастауды ұмытпа.

28. Өлеңдегі көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып оқы.

Биші болам

... көйлек киемін,
... бүрмелі.
Кестелеген жиегін
Кең даланың гүлдері.

Жарасады бөркіме
... үлшілдеп.
Ел қарайды көркіме:
– Неткен әсем, шіркін! – деп.

Оразақын Асқар



Керекті сөздер: аппақ, қос етегі, үкілері.



7

29. Ертегіні түсініп оқы.

Байлық пен ақыл

мұрагер

Ертеде бір шал төрт ұлын шақырып, былай депті:
– Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол мұрагерім* болады. Маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіңдер, – депті.

Үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп: – Міне, менің байлығым. Кім бай болса, сол ақылды, – депті.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп келіп: – Мына киімді көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, – дейді.

Үшінші ұлы асыл тастармен әшекейленген белдігін буынып: – Мұндай белдікті ешкім де буынып көрген жоқ, – дейді.

Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқайды. Ең кіші ұлына қарап: – Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? – дейді.

2-2401

Сонда кенжесі:

– Менде тек еңбексүйгіш екі қолым, қайрат-жігерге толы жүрегім бар, – депті.

Шалға кенже ұлының жауабы ұнайды. Ол өзінің мұрагері болады деп кенже ұлын атапты.



• Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарды толықтыр және жауап беріп көр:

- 1) Шал балаларына не деді?
- 2) Үлкен ұлы не деп жауап берді?
- 3) ...?
- 4) ...?
- 5) ...?
- 6) ...?
- 7) ...?



• Мәтіннен у дыбысы бар сөздерді тап. Сол сөздерге үлгі бойынша талдау жаса.



Дәлелдеу үлгісі:

Бұл – дауысты у дыбысы, өйткені ол дауыссыз дыбыстан кейін тұр (немесе ол сөз басында дауыссыз дыбыстан бұрын тұр).

Бұл – дауыссыз у дыбысы, өйткені ол дауыстыдан соң тұр (немесе сөз басында дауыстыдан бұрын тұр).



30. Өлеңді көшіріп жаз, қарамен жазылған сөздердің астын сыз.

Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған.
 Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған.
 Өнер, білім – бәрі де
Оқуменен табылған.



- Жауаптардың сұрақтарын тауып айт.
- ...?
- Өлеңнің авторы – Ыбырай Алтынсарин.
- ...?
- Өлеңде киім тоқумен, сауысқанның тамағы шоқумен, өнер, білім оқумен табылатыны туралы айтылған.

- Өлеңдегі оқу, тоқу, шоқу сөздерін оқы, тоқы, шоқы сөздерімен салыстыр. Қандай өзгеріс байқадың?

31. Сөздерге у әрпін қосып жаз және сол сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрап жаз.

Су, бу, қу, жау, сау.

32. Сызық бағытымен екі әріп тастай отырып, мақал құрастырып көр.

- Құрастырған мақалыңның қандай мағына беретіні жайлы өз ойыңды парталасыңмен бөліс.



8

Кейіпкерлердің киім үлгісін, әшекей бұйымдарын суреттеймін

И, й әріптерінің жазылуы

33. Мәтіннің атына қарап, онда не туралы айтылатынын болжап көр.

Қап, көйлегім-ай!..

(Өңгіме)

жиек

Жазда Дәукен атамның ауылына бардым. Ауылға барған күні-ақ жаңа көйлегімді киіп алдым.

Далаға шықтым. Тұраш пен Сапаш доп ойнап жүр екен. Олармен былтыр келгенде танысқанмын. Сапаш мені байқап:



– Өнеш, кел, доп ойнаймыз, – деді.

Анамның көйлегіңді кірлетпе дегені есіме түсіп, ойынға қосылмай тұрдым.

– Көйлегім кірлеп қалады деп қорқасың ба? – деді Тұраш.

Ұялып кеттім де, ал ендеше деп, ойынға араластым.

– Мен қақпаға кеттім, – деп, Сапаш жол жиегіндегі екі кесек белгінің ортасына барып тұрды.

Жақындап барып, ышқына тептім*. Гол! Сапаш допты ұстаймын деп шалқасынан құлады.

Бір кезде қарасам, ақ көйлегімнің өңірі* сатал-сатал болыпты. Қап, көйлегім-ай!..

Нәсіреддин Серәлиев



• Мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарды жалғастырып көр.

1. Өнеш жазда қайда барды?
2. Ол үстіне қандай көйлек киді?
3. ...?
4. ...?



• Мына жейдені сипаттап жаз.



• Мәтіннен **и**, **й** дыбыстары бар сөздерді тауып, олардың қалай айтылатынын байқа.



И – дауысты, **й** – дауыссыз дыбыс. **И** әрпі сөз басында және дауыссыздан соң жазылады: *жиек, би, ит, Иса*; ал **й** әрпі дауыстыдан кейін жазылады: *мойын, мейіз, ай, қайыс*.

34. Суреттерге қарап, балалардың не істеп жатқандығы туралы әңгімеле.



- Өзің киімдеріңді қалай таза ұстайтының туралы айт.

35. Сөйлемді аяқтап жаз.

Күнде кешкісін киімдерімді Мектеп формасын
Өзімнің аяқкиімімді



Есіңе сақта!

И дыбысының алдында **ы**, **і** естілгенімен, олар жазылмайды: *киім, қиын, жиын*.

36. Сөздердің қатесін тауып, түзетіп жаз.

Тақыйя, кійім, өшекеи, көилек, жеиде, сақыйна.



37. Сурет бойынша *сабантой**, *күзгі жиын-терім**, *ұлттық киім*, *үкілі бөрік*, *кимешек*, *тақия*, *күй тарту* сөздерімен мәтін құра.



38. Жұмбақ өлеңді мәнерлеп оқы.

9

Моншағы көп тізілер,
Шуағын төксе күліп күн.
Соңғы әріп «К» болса,
Әжем сынды кісілер
Қолға тағар мүлікпін.

«Қызықты грамматика» кітабынан

- Өлең не туралы?
- Өшекей* бұйымдарға тағы нелер жататынын айт.

- Суреттегі бұйымдардың қайсылары өлең мазмұнында айтылды?



• *Қандай?* сөзінің көмегімен суреттегі әшекейлі бұйымдарды сипаттап жаз.


- **И, й** дыбыстарын салыстырып, олардың айырмашылығын айт.

39. Жаңылтпашты жатқа жаз. **И, й** әріптері бар сөздердің астын сыз.

Бейсенде бар сеңсең* тон,
Сейсенде бар сеңсең тон,
Кигендері өңшең тон.

Ескен Елубай

40. Айжанның әшекей бұйымдар салатын қобдишасына **и**-дан басталатын сөздер түсіп кетіпті. Соларды табуға көмектесейік.



41. **И, й** әріптері бар сөздерді қатыстырып, жағдаяттан шығып көр.

Димаш денешынықтыру сабағына киетін аяқкиімін жоғалтып алды. Ол «Менің аяқкиімім жоғалды. Ол өте қымбат тұрады. Оны әке-шешем туған күніме сыйлаған болатын. Табуға көмектесіңдерші» деген мазмұнда хабарландыру жазды. Осы хабарландыру арқылы ол аяқкиімін таба ала ма? Таба алмаса, сен хабарландыруды қалай жазар едің?



10

42. Мәтіндегі көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып оқы. Неліктен сол әріпті қойғаныңды дәлелде.

Қазақстан халқы

Қазақстанда әр алуан ұлт өкілдері тұрады. Республ...каның байырғы тұрғындары – қазақ халқы.

Барлық ұлттар Қазақстанда тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Әр ұлттың өз тар...хы, өз әдет-ғұрпы бар. Әр ұлттың өз ұлттық к...імдері де сақталған.

- Мәтін неше бөліктен тұратынын айт.



43. Сурет бойынша әр ұлттың ұлттық киімдері туралы білетініңді айт.



44. Сызба арқылы и, й дыбыстары туралы білетініңді өз сөзіңмен айт. Ереже құрастыр.

И ... дыбыс.
сөз басында және дауыссыздан кейін жазылады.

Й ... дыбыс.
...



45. Аидаға мерекеде достары сөмке сыйлады. Сөмкенің сыртына бірнеше сөз жазылған. Сол сөздерді көшіріп жаз және олардың жазылуын есте сақта.





Есіңе сақта!

Сый, тый және бұлардан тараған сөздерде тек **ый** жазылады: *сый, сыйлық; тый, тыйым.*

46. Өлеңдегі көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып көшіріп жаз.

Апам қонақ шақырып,
Достарымды ж...нады.
Менің туған күніме
Көкем кө...лек сы...лады.

Бауыржан Ғұбайдуллин

• **И, й** әріптері бар сөздердің астын сызып, бір-бірімен салыстыр.

47. Жағдаяттан шығып көр.

Бүгін – Дидардың әкесінің туған күні. Сабақтан соң ол дүкенге келді. Сыйлық таңдау көп қиындық келтірді.
Сен Дидардың орнында болсаң, әкеңе не сыйлар едің?



11

Сезім мүшелері туралы не білемін?

Я әрпінің жазылуы

48. Мәтінді тыңда.

Дене мүшелерінің таласы

Бірде дене мүшелері өзара айтысып қалыпты.
Айтысты Аяқ бастапты. Одан соң Қол, Құлақ, Көз өз пайдалары туралы айтыпты. Ең соңында Мұрын тұрып былай дейді:

– Адам үшін мен пайдалымын, мен болмасам адам иісті сезе алмас еді!

Сол кезде Адам бәрін ортаға шақырып, былай депті:



– Босқа дауласпаңдар, адам үшін бәріңнің де пайдаларың бар.

Аяқ болмаса, адам баратын жеріне жете алар ма еді?!

Қол болмаса, адам тамақ ішіп және әртүрлі жұмыстар атқарар ма еді?!

Құлақ, Көз және Мұрын болмаса, адам ести, көре және ауа жұтып, иісті сезе алар ма еді?!

Бәрің де адамға керексіңдер! Бір-біріңді сыйлап өмір сүріңдер!



- Мәтін мазмұнын өз сөзіңмен айтып бер.
- *Көз, Құлақ, Қол, Аяқ* не деп таласқанын өзің айтып көр.
- *Аяқ* сөзінің айтылуы мен жазылуын салыстыр.



Сөзде **йа** дыбыстары естілгенімен, жазуда олардың орнына **я** әрпі жазылады: *мая, сая, таяқ*.



49. Әр сұрақтың жауабын тауып, сәйкестендір.

аяқ

Екі көзің не үшін керек?
Екі қолың не үшін керек?
Құлақ деген не үшін керек?
Ал аяғың не үшін керек?

Елге көмек беру үшін.
Жақсыларды көру үшін.
Ақыл-кеңес тыңдау үшін.
Туған жерге қайту үшін.



50. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Балқия тісін жуды. Оның тісі ағарды. Інісі Аянның тісі ауырды.

- **Я** әрпі бар сөздерді тап.
- **Я** әрпі қай дыбыстардың орнына жазылып тұрғанын айт.
- Аянның тісі неге ауырды? Сен тісіңді немен тазалайсың?



51. Берілген әріптер қатарында жасырынған сөздерді тауып оқы.

1. ЛАШАЯНМСҚРҰ
2. ТҰЯҚПАЛЖСЯЗ
3. ДРОМАЯЛДАМА
4. ЫБЛҚИЯУСКУН
5. ҢЮСИЯШЛҚЫ

• Тапқан сөздеріңнің бәріне ортақ әріптің айтылуы мен жазылуында қандай өзгеріс барын айт.



12

52. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Жақсы бала

Аян төтесінің баласы екеуі саябаққа барды. Олар жолда Әлиямен кездесіп қалды.

Әлия қасындағы кісінің қолынан ұстап алыпты. Ал қарт кісі таяғының ұшымен жерді сипалап келеді. Аян бірден «Е-е, мына кісінің көзі көрмейді екен ғой» деп ойлады.

– Атаң ба? – деп сұрады Аян қартты иегімен нұсқап.

– Иә, көрші тұрамыз, – деп, Әлия басын изеді.

Осы кезде қария:

– Бұл қай бала? – деп құлағын тосты. Аян сасып қалып:

– Ассалаумағалейкүм, ата! – деді дауыстап.

– Аман бол, балам, көп жаса! – деді қария. – Шамасы, Әлияны білесің ғой деймін.

– Иә, ата, – деді Әлия. – Біздің сыныпта оқиды. Жақсы бала.

«Жақсы бала» деген сөз Аяның құлағына жағып кетті.

Қ. Жаманбаевдан

- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Мәтіннің неше бөліктен тұратынын айт.
- Мәтіннен мәндес сөздерді тап.



53. Оқыған мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін мақалды көшіріп жаз.

1. Әдепті бала – арлы бала.
2. Ақылды қария – ағып жатқан дария.
3. Сәлем – сөздің анасы.



• Дыбыс саны мен әріп саны бірдей емес сөздері бар мақалды тауып көр.



Есіңе сақта!

Сөздегі и әрпінен соң а жазылмайды, я жазылады:
мия, тақия, Әлия.



54. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрап жаз.
Әдепті қыз, қария, Сая, ұят, үлкен кісі, сыйлайды.



55. Саяның себетінде я әрпі кездесетін сөздер бар ма?



56. Мәтінді түсініп оқы. Мәтіндегі кейіпкерлерді анықта.

Алдиярдың атасынан сұрамайтын нәрсесі жоқ.
– Ата, осы ертегіде айтылатын желмая дегеніңіз
немене?

желмая

– Е, балам, желмая – жүйріктің жүйрігі ғой. Мына біздің жалғыз өркешті нар түйені көрдің бе? Осының ұрғашысын қазақ «мая» деп те атайды. Осылардың ішінде желдей ескен жүйріктерін «желмая» дейді.

Оразбек Сәрсенбаев

• Мәтіннен я әрпі бар сөздерді тап.



13

57. Мәтінді дауыстап оқы.

Бақтияр неге ұялды?

Бақтияр мен **Саят** жолда шелегі суға толы қарт әжейді кездестірді. Әжей кішкене жүріп, тоқтап демалады.

Саят әжейге көмектеспек болды. Сонда **Бақтияр**: «Елдің бөріне бірдей көмектесе бересің бе?» – деді оған. Бірақ **Саят** оны тыңдамай, әжейдің шелегін үйіне апарысып берді.

Бақтияр бірде шөлдеп келе жатып, ауылдың шетіндегі бір үйге бұрылды. Ол сол үйден су ішкісі келді. Есікті ашқанда, баяғы **қарияны** көрді.

– Іш, балам, іш, – деді, әжей су беріп тұрып.

Бақтияр ұялғанынан суды ішпестен, далаға атып шықты.


«Балдырған» журналынан

- Мәтін не туралы?
- Саят қандай бала? **Бақтияр** ше? Осы сұрақтардың жауабын топта талқыла.
- **Бақтияр** неге ұялды деп ойлайсың? Оның орнында сен болсаң, не істер едің?
- Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді көшіріп жаз.

58. Сөздердегі көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып жазып, оның себебін түсіндір.

Пи...з, дари..., Ұрқи..., си..., зи...н.

59. Сызба арқылы сөздерді тап.





60. Жұмбақты оқып, шешуін тап. Шешуіндегі сөзбен әңгіме құра.

Қалқиып ұзын құлағы,
Елеңдеп қорқып тұрады.

- Жұмбақтың шешуіндегі сөзге дыбыстық талдау жаса.



61. «Құстарға қамқорлық» тақырыбында берілген тірек сөздермен әңгіме құрап жаз.

Балалар, құстар, ұя жасау, жем шашу.



Сезім мүшелері туралы өлең құрастырамын

14

Ю әрпінің жазылуы



62. Мәтінді түсініп оқы.

Болат пен **Юра** құрылыс басына барды. Құрылыста адамдар көп екен. Құрылысшылар 9 қабатты үй салып жатыр. Үйдің бірінші қабатында сылақшылар бригадасы жұмыс істеп жүр. Гүлсара мен **Юля** төтей құбырларды қою сырмен сырлады. Ал Марат аға кранда жұмыс істейді.

Құрылысшы болған қандай жақсы!



- Мәтіннің мазмұнын айт.



- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді теріп жаз. Жазған сөздеріңнің айтылуы мен жазылуын салыстыр.



Сөзде **йу** дыбыстары естілгенімен, жазуда олардың орнына **ю** әрпі жазылады: *аю, көркею*.



63. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Ою ою ойым бар-ды,
Ойналмастан ойын қалды.

- Қарамен жазылған сөздердің астын сызып, мағынасын түсіндір.
- Ю әрпінің қандай дыбыстардан құралғанын айт.

64. Сөздерді оқы. Олардағы дыбыстар мен әріптерді сана. Дыбыс саны мен әріп санының сәйкеспеу себебін түсіндір.

Көбею, молаю, үлкею, есею, сарғаю.

- Үлгі бойынша бұл сөздерге дыбыстық талдау жаса.

к	[к]	дауыссыз
ө	[ө]	дауысты
б	[б]	дауыссыз
е	[е]	дауысты
ю	й	дауыссыз
	у	дауысты

65. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, өлең құрастырып жаз.

Ормандағы аю,
Ойы – балға ... (қою, тою).

- Аю балды неліктен ұнатады деп ойлайсың?
- Аю, қою, тою сөздеріндегі ю қандай дыбыстардан құралғанын айт.

66. Оқы. Аю не деп жауап беруі мүмкін? Ол қасқырға қандай ақыл-кеңес берді деп ойлайсың? Осы сұрақтарды басшылыққа алып, әңгімені әрі қарай жалғастыр.

Аю мен қасқыр

Бірде қасқыр аюлардың қыста ашықпау сырын білгісі келді. Ол ...



67. Мәтінді түсініп оқы.

15

Парашют

Парашютпен ұшақтан секіруге құмар болдым. Ол үшін әуелі парашютпен мұнарадан секіріп үйрендім. Содан кейін ұшақтан секіруге талпындым. Бір күні таңертең беліме парашют байлап, ұшаққа міндім. Ұшақ жерден биікке көтерілді. Қорыққаннан жүрегім дүрс-дүрс соқты. Мен секіруге әзірленіп, ептеп ұшақтың қанатына шықтым. Сол кезде ұшқыш қолын көтерді. Ұшақтың қанатынан төмен қарай секірдім. Аздан кейін бір ауылдың қасына келіп түстім.

Талғат Бигелдинов



- Мәтінде не туралы айтылған?
 - Парашютпен секіру кезінде адамда қандай сезім болады деп ойлайсың?
 - Парашютпен секіруді ұнатасың ба?
 - Мәтіннің алғашқы үш сөйлемін көшіріп жаз.
- Ю әрпі бар сөздің астын сыз.

парашют



68. Суретке қарап, гимнастикалық жаттығу кезінде не істеу керек екенін айт.



• Сөздердегі көп нүктенің орнына йу, ю әріптерінің тиістісін қойып көшіріп жаз.

Шалқа..., еңке..., қиса..., күше... .

• Бұл жаттығуларды қай сабақта үйрендің?



Есіңе сақта!

Сөздегі **и** әрпінен соң **у** жазылмайды, **ю** жазылады:
кию, қию, жию.

69. Сөздерге **у** дыбысы қосылғанда олар қалай жазылатынын түсіндір және солай өзгертіп жаз.

күшей
азай
молай
той
көркей

у

- **Ю** әрпі қандай дыбыстардың орнына жұмсалған?

70. Сызбадағы сөздерге ортақ әріпті тауып оқы. Неліктен сол әріпті қойғаныңды дәлелде.

есе
көбе
тыңа
сарға

...?

71. Сәйкестендір.



мияулайды,
пырылдайды

қыңсылайды

ақырады



72. Жоспар бойынша мәтін құрап жаз.

1. Хайуанаттар бағына саяхат.
2. Хайуанаттар бағындағы қызықтар.
3. Саяхаттың әсері.

хайуанат



16

73. Өлеңді көшіріп жазып, қарамен жазылған сөздің астын сыз.

Күнде тәртіп бұзыпты,
Кішілерді сүзіпті.
Миуаны үзіпті,
Мүйізіне тізіпті.

Қадыр Мырза Әли

- *Миуа* сөзінің жазылуына назар аудар.
- *Миуа* сөзінің мағынасын оқулықтың соңындағы сөздіктен қарап, біліп ал.

миуа



74. Сөздерді көшіріп жаз. Олардың жазылуын есте сақта.

Миуа, айуан, хайуан, хайуанат.

- Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра.



75. Ребусты шеш.



Р

Юпитер



- Ребустың шешуіндегі сөз туралы білетініңді айт.



- Дереккөздерден *Юпитер* туралы біліп ал.

76. Мәтінді көшіріп жаз.

Юраға әкесі Юпитер ғаламшары туралы түсіндірді. Юра Юпитердің ең үлкен ғаламшар екенін білді. Ол Юпитерге ұшып баратын зымыран ойлап таппақ болды.

77. Суреттегілерді тиісті орнына қойып, өлеңді оқы.



жаю керек,

шаю керек.

қию керек,

кию керек.



17–18

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Мәтінді тыңда.

Бүгін күн – жексенбі. Мерей теледидардан «Жануарлар әлемі» хабарын тамашалап отыр.

Ол хабар барысында қойылатын сұрақты тағатсыздана күтуде. Сұрақты тыңдап болысымен кітап сәресіне қарай жүгірді. Анықтамалықтан «ақ аю» сөзін іздей бастады. Міне, іздеген ақпараты да табылды. Бір оқып шығып, тез-тез телефон тетіктерін басты.

Мерейдің жауабы дұрыс болып шықты. Ол жұмсақ ойыншыққа ие болды.

- Мәтіннен түсініксіз сөздерді тауып жаз.
- Сұрақтарға жауап бер.

Мерей теледидардан қандай хабар көрді?

Ол сұрақтың жауабын қайдан тапты?

Аю сөзінде қанша дыбыс, қанша әріп бар?

- Сызбадан хабар жүргізуші мен Мерейдің сөйлеу әрекетінің қай түрін қолданғанын тап.



2. Төмендегі суреттерге сәйкес сөйлемдерді аяқтап жаз.



Аян өзі туралы



Ол досының сөзін мұқият



Аян мәтінді түсініп



Ол сөздерді теріп

- Жазған сөйлемдерінен 4 дыбыс, 3 әріптен тұратын сөзді тауып, астын сыз.

3. Ертегіні парталасыңмен рөлге бөліп оқы.



- Аюдың қонжығы мені «бадырақ көз» деп мазақтады.
- Одан басқа не деді?
- «Қалқан құлақ, қыли көз».
- Сен оған не айтып едің?
- Мен бе, мен ештеңе де айтқаным жоқ...
- Сен үндемей тұрғанда, ол өзі келіп тиісті ме?
- Оны көрген кезде мен «қорбаңбай» деп едім...
- Көрдің бе, әне, алдымен өзің тиісіпсің ғой. Мазақтап ренжіткенсің. Ол мазақтаса, ыза болып, арыз айтасың. Бұл ұят емес пе?!

- Оқығаныңның диалог екенін дәлелде. Өңгімелесуге қандай ертегі кейіпкерлері қатысқанын айт.

- Ертегіге ат қой.

Арызқой көжек

Жылауық көжек

4. Суреттерге қара.



- Қай суретпен диалог құрауға болады? Неге?
- Парталасыңмен бірігіп, диалогті жалғастырып көр.
 - Жидегің тәтті ме?
 - Өте дәмді. Жейсің бе?
 - ...
 - ...
- Қоян, аю, тиін сөздеріне дыбыстық талдау жаса.

5. Қайсысы артық? Тапқан сөзіңнің неліктен артық екенін айт.

у	у	и	й
шуда	тәулік	иек	әйнек
елу	уақыт	жиен	ит
уық	қоңырау	сыйлық	сыйлау
сурет	сусын	тиын	әшекей

- Өр қатардағы артық сөзбен төрт сөйлем құрап жаз.



6. Сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, «Қайсысы бірінші болып келді?» тақырыбына мәтін құрастырып айт.



Тірек сөздер: тауық балапаны, үйрек балапаны, арғы жаға, жүзіп өту, бірінші болып келу.

7. Сөздерді тиісті сезім мүшелерімен сәйкестендір.



күнде жуып жүр.



иіс сезу мүшесі.




көру мүшесі.



үшкір нәрсемен шұқыма.

- Суреттегі сезім мүшелерінің бірімен сөйлем құрастырып жаз.

МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ



- Дауыссыз дыбыс деген не екенін;
- шежіре ағашы туралы білетінімді *есіме түсіремін*.
- Дауыссыз дыбыс түрлерін;
- *п-б, қ-г, к-г* әріптерінің жазылу емлесін;
- сөз басында келетін *л, р* әріптерінің жазылу емлесін;
- екі дауысты дыбыстың ортасында кездесетін *у, й, ң* әріптерін тасымалдау ерекшелігін *білетін боламын*.
- Мәтінмен жұмыс істеуді;
- өз отбасымыздың шежіре ағашын жасауды;
- үлгінің көмегімен сұхбат алуды, өмірбаян жазуды;
- сөйлеуде және жазуда жіберілген қателерді табууды және түзетуді;
- келешек мамандығым туралы ақпарат алуды *үйренемін*.



19

Өз отбасымның шежіре ағашын жасаймын

Дауыссыз дыбыстардың түрлері

1. Кестеге қара.



Дауыссыз дыбыстар		
Үнді дауыссыздар	Ұяң дауыссыздар	Қатаң дауыссыздар
л, м, н, ң, р, й, (у)	б, в, г, ғ, д, ж, з	к, қ, п, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ

- Дауыссыз дыбыстар неше түрге бөлінеді?
- Үнді дауыссыздарды ата. Олардың айтылуын байқа.
- Ұяң дауыссыздарды ата. Олардың айтылуына назар аудар.
- Қатаң дауыссыздарды ата. Олардың айтылуын ұяң, және үнді дауыссыздармен салыстыр.

2. Өлеңнің тақырыбына қарап, оның не туралы екенін болжа.

Ата айтады

Кел-кел, балам, кел, балам,
Айтайын ақыл мен саған.
Демесін ешкім өзіңді,
Өкеден үлгі алмаған.
Жеті атаңды жат біліп,
Атаңдай бол аумаған.

ататек


Кәп Құмарұлы

- Жеті атаңды үлкендерден сұрап біліп ал.
- Өлеңнің соңғы төрт жолын көшіріп жаз.
- Қарамен жазылған сөздерден дауыссыз дыбыс түрлерін ажырат.



3. Суретке қара.

Балалары



- Осы сызба бойынша не айтасың?
- Суретке сүйеніп, өз отбасыңның шежіре ағашын жаса.



4. Жаңылтпашты оқып, жатқа жаз.

Мына балалар,
Неменелерің еді?
Немерелерің бе?
Шөберелерің бе?
Неменелерің бе?

- *Немере, шөбере* сөздеріне дыбыстық талдау жаса.

Үлгі: **н** – дауыссыз, үнді
е – дауысты, жіңішке



20

5. Мәтінді түсініп оқы.

Әдепті қыз

Әсем әже өз немересі Маржанды әдептілікке үйретіп келеді.

Маржан ерте тұрып, жуынып жүрген атасына келіп:

– Кеш жарық, ата! – дейді.

– Таң қайырлы болсын, жарығым! – деді атасы күліп.

Одан соң Маржан ертеңгі асты алдымен атасына ұсынып:

– Ас тәтті, төбетіңіз тартымды болсын, – деді. Астан соң Жарқын ата ас қайырды.

– Денсаулығыңызға бұйырсын, ата, – деді Маржан ізет білдіріп.

Маржан мектепте екінші ауысымда оқиды. Кеште мектептен келіп, атасына:

– Күніңіз сәтті болсын! – деді.

– Кешіміз жарық болсын, жарығым! – деп, атасы Маржанның маңдайынан иіскеді.

Бүгінгі күн осылай қызық өтті.

Әдібай Табылды



- Маржан қандай қате жіберді?
- Оның қатесін түзе.



6. Өлеңді көшіріп жаз.

Не ыстық?

- | | |
|-----------------------|----------------------|
| – Аспанда Күн ыстық. | Туған қыз, ұл ыстық. |
| – Ал жерде кім ыстық? | Бәрінен «Тыныштық» |
| – Әке мен шешеміз, | Деген сөз тым ыстық. |

Әдібай Табылды

- Аспанда Күн ыстық деген сөйлемге дыбыстық талдау жаса.



7. Торкөздерде жасырынған туыстық атауларды тауып жаз. Өзің қалаған бір сөзге дыбыстық талдау жаса.

і	қ	а	р	ы	н	д	а	с	о
н	а	т	ш	а	р	с	қ	т	ж
і	щ	к	ө	н	е	л	ә	т	ш
ч	у	а	т	а	ә	ж	п	а	ө
т		ғ	т	у	ш	с	к	л	б
и	р	а	к	т	ә	к	е	қ	е
і	у	е	т	ч	ж	һ	а	ш	р
қ	а	е	п	н	е	м	е	р	е
с	і	ң	л	і	т	ө	щ	с	у
ж	и	т	с	е	к	р	ө	о	м



8. Жұмбақ өлеңді оқып, шешуін тап.

Түп нұсқасы –
Халық аты.
Екі шеткі әрпін қысқартса –
Қазақтың қарты.

• *Қарт* сөзіне мәндес сөзді тап.

9. Кестені толтырып жаз.

Әке жағынан туыс адамдардың есімдері	Туыстық атаулары	Шеше жағынан туыс адамдардың есімдері	Туыстық атаулары
...
...



21

Сұхбат аламын

Дауыссыз б мен п

10. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Ауылда

Әлия мен Әсет қалада туып, сонда өсіп келеді.

– Жақында аталарыңа барамыз, – деді бір күні әкесі.

Келесі күні әкесі мен шешесі Әсет пен Әлияны ауылға алып келді.

Әлия мен Әсет екеуі атасы мен әжесінің қолында қалғанына екі-үш күн болды. Әлия көбінесе әжесінің қасынан шықпайды. Әсет атасымен бірге жүреді. Кешке қарай мал қоралауға үйреніп алды.

Бірде кешкі шай алдында әжесі Әсетті іздеп, үйді айналып шықты. Әсет жоқ. Көрші балалардан сұрады. Әлиядан сұрады:

- Әсетті көрмедің бе, балам?
- Зообақта жүр, – деді Әлия.
- Қарағым-ау, зообағы несі?

Әлия нақтылай сөйледі:

– Қорықпа, әже. Әсет зообақта жүр. Күні бойы содан шықпайды.

Әжесі сырттай бақылап қараса, Әсет кішкене ақ лақпен сөйлесіп тұр екен...

– Ақ лақ, сен нешедесің?..

– Сенің достарың бар ма?

Мұны естіген әжесі күліп жіберді.

Мырзатай Серғалиев

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.
- Қалай ойлайсың, Әсет ақ лақтан сұхбат алды ма?
- Сұхбатты кімнен алады?
- Мәтіннен **п** әрпіне аяқталған сөздерді көшіріп жазып, **п** әрпінің астын сыз. Бұл сөздерде **п** дыбысы қалай айтылып тұрғанына назар аудар.



Сұхбат дегеніміз – арнайы сұрақтарға біреуден жауап алу.



Есіңе сақта!

Сөз соңында **б** естілгенімен, **п** әрпі жазылды: *мек-теп, кітап, доп, қап.*

11. Көп нүктенің орнына **п**, **б** әріптерінің тиістісін қойып, сөздерді көшіріп жаз.

Әде..., тала..., до..., жі..., қора... .

12. Мақалды оқып, жатқа жаз.

Талабы жоқ жас ұлың
Жалыны жоқ шоқпен тең.

13. Мәтінді тыңда.

Өнегелі отбасы

Біздің отбасымыз өте үлкен. Олар: атам, әжем, әкем, шешем, екі ағам, бір қарындасым. Бәріміз тату-тәтті тұрамыз.

Атам – еңбек ардагері. Елге сыйлы адам. Әкем мен шешем – дәрігер. Ағаларым да жоғары оқу орнын бітірген.

Бірде біздің үйге аудандық газет тілшісі келді. Атамнан сұхбат алды. Тілші сұхбат кезінде мынадай сұрақтар қойды:

- Ата, еңбек жолыңызды қашан бастадыңыз?
- Еңбек ардагері атағын қашан алдыңыз?
- Отбасыңызда қанша адам бар?
- Балаларыңыз қандай жұмыс істейді?
- Немерелеріңіз нешеу?

ардагер

- Досыңнан оның отбасы туралы сұхбат ал.
- Басқатырғыны* шеш. Ол үшін әр қатардан қайталанған әріптерді сызып таста. Шыққан сөз құрамында болатын мақал-мәтел айт.

Т	С	Қ	А	Т	Қ	С
О	Ц	Т	О	К	К	Ц
Ж	С	П	Ж	А	С	П



22

14. Кестедегі сөздерді оқы.

кітап	кітабы
талап	талабы
доп	добы
тәртіп	тәртібі
шөп	шөбі

- Екі бағандағы сөздерді салыстырып, сөз соңындағы **п** дыбысы

неліктен **б**-ға өзгергенін өзің айтып көр. Өз қорытындыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.



П дыбысына аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, **п** дыбысы **б**-ға айналады: *кітап* – *кітабы*, *талап* – *талабы*.



15. Мәтінді түсініп оқы.

Асқар әдеттегідей **мектепке** бір ғана қалам алмады, үш қалам алды. Оны әкесі байқаса да, ештеңе демеді. Бірде ол өте абыржып, әкесіне келді.

«Әке, сізде бір-екі қалам болса, беріңізші», – деді. Әкесі жұмыс үстелінің тартпасынан екі қалам алып, үндемей ұсынды. Бір күні әкесі: «Асқар, сенің бұл әрекетің мені таңғалдырады. **Мектебіңе** бірнеше қаламмен кетесің де, біреуімен ғана қайтасың. Қалғандарын қайда жібересің?» – деді.

«Менің кейбір жолдастарымның жиі-жиі қаламы болмай қалады. Біреулері үйінде ұмыт қалдырады. Сондайда мен оған өз қаламымның біреуін беремін», – деді Асқар.

«Мөлдір бұлақ» журналынан



- Мәтін не туралы? Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Егер сен Асқардың орнында болсаң, не істер едің?
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің жазылуындағы өзгерістерді байқа. Оның себебі неде деп ойлайсың?



16. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Мен кітапханаға жиі барамын. Онда **кітап** көп. Алған **кітабымды** таза ұстаймын.

- Қарамен жазылған сөздерді салыстыр.
- **II** дыбысының **б**-ға өзгеру себебін түсіндір.

17. Мектеп кітапханасындағы кітапханашыдан сұхбат ал.

18. Берілген сөздерге **ы, і** өріптерінің тиістісін қосып жаз. **II**-ның өзгеру себебін түсіндір.

Мектеп, тәртіп, талап, сап, қолғап, шөп.

19. Ойлан, тап. Кестені толықтыр.

I топ	II топ	III топ
Отбасы туралы мақал-мәтелдер	Отбасы туралы өлеңдер	Достық туралы мақал-мәтелдер
...



20. Мәтінді мәнерлеп оқы.

23 Менің нағашы әпкем кітапханада жұмыс істейді. Мен кітапханадан кітап алуға бардым. Нағашы әпкем:

– Саған қандай кітаптар ұнайды? – деп сұрады.

– Маған шытырман оқиғалы кітаптар ұнайды.

Мен кітапханадан бірнеше кітап алдым.

– Алған кітабыңды жыртпай, уақытыңда өткіз, – деді әпкем.

Мен кітабымды уақытыңда өткізуге уәде бердім.

«Балдырған» журналынан

- Мәтін не туралы?
- Өзің кітапханаға барғанды ұнатасың ба?
- Қандай кітап оқығанды ұнатасың?
- Мәтіндегі **кітап** сөзін **кітабымды** сөзімен салыстыр. **II** дыбысының **б**-ға өзгеру себебі неліктен деп ойлайсың?



21. Екі бағандағы сөздерді жұптастырып жаз.

ша
жа
те
се
та
ке

П

та
се
те
жа
ке
ша

БУ



22. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құра.

Кітап, жауап, Мөлдір, талап, доп.



23. Сөйлемдерді мағыналық байланысына қарай сәйкестендіріп жаз.

Дөнді
Шөпті
Есікті
Допты

тебу керек.
жабу керек.
себу керек.
шабу керек.

24. Мәдина туған күніне достарын шақырды. Суретте достары оны құттықтап жатыр.



- Туған күнде кездескен достар бір-біріне не айтты деп ойлайсың?
- Сен Мәдинаға не сыйлағың келеді?
- Оған қандай тілек айтасың? Жазып көр.



24

Дауыссыз қ мен ғ

25. Кестедегі сөздерді оқы.

сабақ	сабағы
парақ	парағы
ұршық	ұршығы
жарық	жарығы
бұлақ	бұлағы

Екі бағандағы сөздерді салыстырып, сөз соңындағы қ дыбысының ғ-ға өзгеруінің себебін айтып көр. Өз қорытындыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.



Ғ әрпі сөздің соңында жазылмайды. Қ-ға аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, қ дыбысы ғ-ға айналады: *достық – достығы, атақ – атағы, құшақ – құшағы.*

26. Мәтінді тыңда.

Бірде Серіктің достары мен олардың ата-аналары Дарияның тұсаукесер тойына келді. Дария – Серіктің қарындасы.

тұсаукесер

Тойға бірталай ағайын-туыс жиналды. Салт-дәстүрді біліп өссін деп, балаларын ерте келіпті. Араларында Серіктің Алматыдан келген Қымбат тәтесі де бар.

Қымбат апайды бүкіл республика жұртшылығы біледі. Ол – балалар жазушысы.

– Қымбаттың жолын берсін! Соған ұқсаса жаман болмайды, – деген көпшілік Дарияның тұсауын жазушы апайларына кескізуге келісті.

Баланың тұсауын кескені үшін Қымбат апайға Серіктің әжесі өз сыйлығын берді.

Әли Ысқабаев

- Мәтін не туралы?
- Мәтінге ат қой.
- Серіктің достары қайда барды?
- Тойға Алматыдан кім келді?
- Қымбат апай туралы не білдің?
- Егер сен Қымбат апаймен кездесең, оған қандай сұрақтар қояр едің?

27. Өлеңді көшіріп жаз.

Анаң – күнің, жүрегің,
 Әкең – өмір тірегің.
 Әжең – асыл ардағың,
 Атаң – дана қорғаның.

М. Қуанышбеков

- Қарамен жазылған сөздерде қай дыбыс өзгеріске ұшыраған? Оның себебін түсіндіріңдер.

28. Ойын-жұмбақтардың шешуін тап.

Қармағы бар қолында,
 Кімді айттым ойымда?
Құрығы бар қолында,
 Кімді айттым ойымда?
Қалағы бар қолында,
 Кімді айттым ойымда?

- Қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жаса.

29. Көп нүктенің орнына қ, ғ әріптерінің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Бір қозының ая...ы сынып қалған екен. Қайрат қозыны аяп, үйге алып келді. Атасы оның сыны...ын орнына салды. Кейін қозының аяғы жазылды.

30. Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзді тақырып етіп алып, әңгіме құра.



,



””””



””



”



25

31. Әңгіменің тақырыбына қарап, оның мазмұнын болжа. Содан соң әңгімені оқы.

Аурудан аяған күштірек

Сейіт жол үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп, шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң Сейіт жыламақ түгілі қабағын да шытпай жатыпты. Сонда сынықшы кісі:

– Қабағыңды шытпайсың, аяғың ауырмай ма? – деп сұрапты. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, сынықшыға сыбырлап айтты дейді:

– Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр. Бірақ менің жаным қиналғанын көрсе, шешем де қиналып жүдемесін деп шыдап жатырмын, – депті.

Ыбырай Алтынсариннен

- Әңгіменің не туралы екенін айт.



- Өңгімедегі негізгі ойды анықта.
- Қ дыбысы ғ дыбысына айналған сөздерді тауып, оның себебін дәлелде.



32. Өлеңді көшіріп жаз.

Үйге келсе немерем,
Елпең қаға жөнелем.
Қылығына кенелем,
Қуанышқа бөленем.

- Қарамен жазылған сөзге дыбыстық талдау жаса.



33. Бос торкөздерге әріптерді сан ретімен орналастырып, мақалды оқы.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
с	а	н	л	ы	б	ғ	ң	д	р	м

1	2	3	2	4	5	6	2	4	2	1	2	7	5	8	9	5	1	5	3	9	5	10	11	2	1
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>



- Шыққан мақалды көшіріп жаз. Қ дыбысы ғ дыбысына айналған сөзді тап.



34. Біз сиыр фермасына бардық. Сен сиыр фермасындағы адамдардан сұхбат алуың керек. Сұхбат кезінде қоятын сұрақтарыңды алдын ала дайында. Бұл үшін төмендегі суретті пайдалан.



ферма

35. Ойлан, тап.

Бірінші буыным – құс аты,
Екінші буыным – бояу түсі.

Біріктіріп оқысаң,
Ұлт аты боп шығамын.



26

Өмірбаян жазамын

Дауыссыз к мен ғ

36. Кестедегі сөздерді оқы.

жүрек	жүрегі
кірпік	кірпігі
серік	серігі
көк	көгі
әйнек	әйнегі

• Екі бағандағы сөздерді салыстырып, сөз соңындағы к дыбысы неліктен ғ дыбысына өзгергенін айтып көр. Өз қорытындыңды төмендегі ақпаратпен салыстыр.



Сөз соңындағы к дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, ол ғ-ге айналады: *түлек – түлегі, серік – серігі, жүрек – жүрегі.*

37. Мәтінді тыңда.

Менің атым – Қожа. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік* ат емес.

өмірбаян

Шынымды айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. «Туу қуәлігінің» өзінде солай деп жазылған. Бірақ бертін келе Қожаберген сөзі қысқартылып, Қожасы ғана қалды.

Тегім – Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқан соң, мен де «Қадыровқа» қайтып келдім.

Бердібек Соқпақбаевтан

• Мәтінде кім жайында айтылған?

- Қожа туралы тағы не білесің?
- Мәтінге ат қой.
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерде қандай дыбыстар өзгеріске ұшыраған деп ойлайсың?



Назар аудар!

Өркімнің өз өмірбаяны болады. Өмірбаян – адамның өзі туралы нақты мәлімет. Онда дүниеге қашан және қай жерде келгені, қайда оқитыны және отбасы туралы қысқаша баяндалады.




38. Сөйлемдерді көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көшіріп жаз.

Менің тегім – Атым – Туған жерім Мен ... сыныпта оқимын.

- Қарамен жазылған сөзде қай дыбыс өзгерген деп ойлайсың?



39. Сөзжұмбақты шеш. Бос торкөздерге к дыбысынан басталатын сөздер тауып жаз.



- К дыбысы қандай дыбыс?
- К дыбысы сөздің қай жерінде келіп тұр?

40. Бос торкөзге әріптерді сағаттағы сан ретімен орналастырып, оны оқы. Шыққан мақалды жаз.



--	--	--	--

 -

--	--	--	--	--	--	--	--

--	--	--	--

1 2 3 2 4 5 6 7 3 8 7 6 9 10 3 7

- Мақалдың мазмұнын түсіндір.



27

41. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Достық – ұлы туымыз

Дос, бауыр көп,
 Тосқауыл жоқ,
 Айқара ашық есігі.
 Ұлы Отаным,
 Гүл Отаным –
 Тыныштықтың бесігі.

Тілегі бір,
 Жүрегі бір,
 Достармен біз біргеміз.
 Туыс барда,
 Құрыштан да
 Берік біздің іргеміз.

Әли Ысқабаев

- Өлең не туралы?
- Өлеңдегі негізгі ойды анықта.
- Өлеңдегі қарамен жазылған сөздерді көшіріп жаз. Бұл сөздерде қандай дыбыстар өзгеріске ұшыраған? Оның себебін түсіндір.



42. Көп нүктенің орнына к, г әріптерінің тиістісін қойып, өлеңді көшіріп жаз.

Халқымыздың сенімі,
Жақсылардың сері...і.
...үрестерде шыныққан
Ағаларға мен іні.

Фариза Оңғарсынова



- К, г дыбыстары туралы білетініңді еске түсір.
- Өлеңде *серік* сөзі қандай өзгеріске ұшырағанын айт.



43. Бос торкөздерге тиісті әріптерді қойып, шыққан мақалды оқы.

☀️ 🚩 🌸 🍷 📖 😊 🌟 🌙 📀 🟩 🟴

Б І Р Л К О М А Й Т С

☀️	🚩	🌸	🍷	🚩	📖				

☀️	😊	🍷	🌟	🌙	📀	-			

🟩	🚩	🌸	🍷	🚩	📖	🟴			

☀️	😊	🍷	🌟	🌙	🟴				

- К дыбысына аяқталған сөздерге і дыбысын қосып оқы.
- І дыбысын қосып өзгерткен сөздеріңді қатыстырып, сөйлем құрап жаз.



44. Өлеңді тыңда.

Атам мені «құлыным» дейді,
Әжем мені «боташым» дейді.
Әкем мені «шырағым» дейді,
Шешем мені «қозым» дейді,
«Айналайын, жаным!» дейді.
Ал, шынында, мен кіммін?

Рафиқа Нұртазина



- Өлең не туралы?
- Өлеңдегі сұраққа жауап беру үшін өз өмірбаяныңды айтып бер.

45. Сөздерді топтастырып жаз.

Бұршік, көлігі, жиек, тірлігі, еңбегі, кірпік, бүйрегі, киік, төсек, үйрегі, көйлегі, түлек.

бұршік



28

Дауыссыз л мен р

46. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Әкем маған ататегімнің аты-жөнін үйретуші еді.

– Кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол.

– Мен – Момыштың ұлымын.

– Момыш кімнің баласы?

– Момыш – Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.

Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі біліміме **риза** болатын. Маған жылы **лебіздерін** білдіретін.

Бауыржан Момышұлы

- Мәтін не туралы?
- Мәтін неше бөліктен тұрады?
- Бауыржанның әкесі қандай адам болған?
- Бауыржан Момышұлының өмірбаяны туралы энциклопедиядан біліп ал.
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.

47. Сөздерді көшіріп жаз.

Лашын, лебіз, лайық, лезде, лауазым, рең, рәсім, разы, рауғаш, раушан.

- Сөз басындағы **л, р** дыбыстарының айтылуына назар аудар.
- Осы сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен біліп ал.



Сөз басындағы **л, р** әріптерінің алдынан **ы, і** естілгенімен, олар жазылмайды: *лақ, лауазым, рет, рас.*



48. Мақалдарды оқып, жатқа жаз.

1. Еңбек түбі – рақат.
2. Ағайынның алтын сарайынан
Ананың жыртық лашығы артық.



• Сөз басындағы **л, р** әріптерінің астын сыз. Олардың айтылуы мен жазылуын салыстыр.



49. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, өлең құрастыр.

«Тілші болған рақат», –
 Ахат.
 хат,
 ат.



50. Сурет бойынша әңгіме құра.



• Құраған әңгімеңді сыныптасыңа айтып бер.



51. Өлеңді жатқа жаз.

Рауан

Рауан* – сәуле, таңғы нұр,
Рақатқа* бөлер жанды бұл.
Рауандап атқан ақ таңдар,
Ризық* сыйла, сәл кідір!

Өтепберген Ақыпбекұлы

• Р дыбысынан басталған сөздердің астын сыз. Олардың айтылуы мен жазылуын салыстыр.

• *Рауан, рақат, ризық* сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздіктен тауып, біліп ал.

52. Бұлтта берілген сөздердің бір әрпін өзгерту арқылы л әрпінен басталатын сөздер жасап жаз.



53. Оқы. Орны ауыстырылып берілген бөліктерден мәтін құра.

- Жазғы демалыс кезі. Біз жүгерінің арамшөбін отап жүр едік. Кенет күн бұлттанып, лезде жаңбыр құйып кетті.
- Кетпенді тастап қашыңдар! – деп дауыстадым.
- Жұрт паналар жер таппаған соң, кетпен-күректерін төбелеріне тосты. Мұны көріп металдың жай тартатыны есіме түсе кетті.

Дәулет Қасеновтен

- Мәтін не туралы?
- Найзағай туралы «Менің энциклопедиям» кітабынан біліп ал.
- Мәтіннен л дыбысынан басталатын сөзді тап.

54. Ребусты шеш. Шешуіндегі гүлді сипаттап жаз.



55. Сөйлемдерді оқы.

30

Лақ – төл.
Лапылдаған не?
Лашын – құс.
Лағыл* деген не?

• Сұрақтарға жауап бер.



• Сөйлемдердегі л әрпінен басталатын сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.



56. Берілген сұрақтарға сүйеніп, суреттегі құсты сипаттап жаз.

1. Лашын қандай құс?
2. Оның түсі, көзі қандай?
3. Оның саусақтары қандай?
4. Оны неліктен жыртқыш құс деп атайды?



57. Сөздерді көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.

Іле, ілгіш, ілгек, ілгері, ілесу, ылди, ылғал, ырыс, ірімшік, ірі, ылғи.



• Мағынасы түсініксіз сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен қарап біліп ал.

58. Екі бағандағы сөздерді салыстыр. Сонан соң өзің қорытынды жаса.



Лашын, лауазым, лебіз,
рақмет, рақат, рең,
рақым

Іле, ілгіш, ілесу,
ірі, ірімшік,
ылди, ылғал

59. Перизат атасын мерейтойымен құттықтағысы келіп, қолына қаламын алды. Қағаздың басына «Құрметті ата!» деп жазып қойды. Өншейінде толып жатқан сөздердің біреуі есіне түссейші.

Перизаттың орнында болсаң, сен атаңа жылы лебізіңді қалай білдірер едің?

60. Бос торкөздерге л, р әріптерінен басталатын сөздер тауып жаз.



31

Келешекті елестетемін

Дауыссыз *н* мен *ң*

61. Өлеңді түсініп оқы.

Кім немен ойнайды?

Теңізші болатын бала

Бұлақпен ойнайды.

Емші болатын бала

Сынаппен* ойнайды.

Батыр болатын бала

Қынаппен* ойнайды.

Жарықты жағатын бала

Шырақпен ойнайды.

Шопан болатын бала
Қозы, лақпен ойнайды.

Диқан болатын бала
Топырақпен ойнайды.

Ғалым болатын бала
Кітаппен ойнайды.

Мәриям Хакімжанова

- Өлең не туралы?
- Өлеңде қандай мамандық иелері туралы айтылған? Тағы қандай мамандықтарды білесің?
- Өзіңді келешекте кім болам деп елестетесің?
- Өлеңдегі қарамен жазылған сөздерге назар аудар. **Н** және **ң** дыбыстарын өзара салыстыр.

62. Сөйлемді көшіріп жаз.

Жеріміз кең, кені* де мол.

- Қарамен жазылған сөздердегі **н** мен **ң** дыбыстарын жеке айтып, олардың айтылу ерекшеліктерін байқа.
- Бұл сөздердің мағынасын түсіндір.

63. Жаңылтпашты оқып, жаттап ал.

Егер сенсең,
Баққа енсең,
Сан түрлі гүл құлпырар
Әдемі өңшең*.

- *Сенсең, енсең, өңшең* сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздіктен қарап біліп ал.




64. Көп нүктенің орнына **н**, **ң** әріптерінің тиістісін қойып, көшіріп жаз.



Ел жайлауға қо...ды,
Малдары қо...ды.
Төгілсе мұ...ай,
Қуанба, мұ...ай.
Алуан гүлдер ө...ді,
Жер құлпырған ө...ді.

65. *Дөңгелек* сөзінен бірнеше сөз ойлап шығар.



32

66. Мәтінді тыңда.



Кішкене бағбан

Садықтың әкесі – бағбан. Садық оған үнемі көмектесіп жүреді. Қар кетісімен әкесі мен баласы бақта тынбай еңбек етеді.

Бір күні Қалел жүгіріп келіп:

- Кеттік, Садық, ойынға, – деді.
- Менің жұмысым көп, – деп жауап берді Садық оған.
- Жұмыс деген немене, тәйірі! Одан да ойнаған қызық емес пе?!

Садық ойнағысы келіп кетсе де, жұмысын жалғастыра берді.

5–2401

Күз де келді. Бақта жеміс пен жидектің сан алуан түрі пісті. Садықтың өзі де қарық болды, досын да барынша сыйлады. Қалел тойып алып:

– Бәрін де түк қалдырмай жеп қоямыз, – деді.

– Қалады, – деп жауап берді Садық. – Әкем «Кім ойынға елікпей еңбек етсе, жер соны қарық қылады» деген.

Мәдіхат Тәрежанов

- Мәтін не туралы?
- Садық пен Қалелге мінездеме беріп көр.
- Мәтін саған ұнады ма?
- Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?

67. Мақалды жатқа жаз.

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.

• **Н, ң** дыбыстары бар сөздердің астын сыз. Олар сөздің қай жерінде келіп тұр?

- **Ң** дыбысы сөз басында кездесе ме?
- Мақалдың мағынасын түсіндір.

68. Суретке қара. *Суретші, қобызшы, кенші, құрылысшы, аспаз, тәртіп сақшысы* өздерінің жұмыстарына қажетті құралдарды дұрыс таңдап алды ма?



- Суреттегі мамандық иелері туралы не білесің?
- Саған бұл мамандықтардың қайсысы ұнайды? Неліктен?
- Өзің болашақта қай мамандықты таңдар едің?

69. Кестеде көрсетілген мамандықтар бойынша диалог құра.

1-топ	2-топ	3-топ	4-топ
мұғалім	дәрігер	диқан	сылақшы
...

70. Өлеңді оқып, кім туралы екенін тап.

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.
 Жасынан оқу оқып, өнер қуған
 Жан жетпес көңілі жүйрік **кемеңгерге...**

Мағжан Жұмабаев

- Қарамен берілген сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.



33–34

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Өлеңді оқы және оның не туралы екенін анықта.

Анамдай асыл мектебім,
 Құшағы – нұрлы көктемім.

Өмірдің аттап өткелін,
 Қойныңда өсіп көктедім.

Бағыңда құстай сайрадым,
 Қырыңда гүлдей жайнадым.

Сәулетті дарқан бесігім,
Тербеліп жүрмін осы күн.

Мәриям Хакімжанова

• Қай қатардағы сөз жоғарыдағы өлеңнің аты бола алады? Ойыңды дәлелде.

1. Мектебім.
2. Бесігім.

• *Құшағы, бағы* сөздеріндегі **ы** әрпін алып тастап жаз.

2. Көп нүктенің орнына **н, ң** әріптерінің тиістісін қойып, көшіріп жаз.

О... жастағы Нұржанны... Бекжа... атты ағасы бар. Ол алты...шы сыныпта оқиды. Олар ү...емі бірге ойнайды. Бекжа... – шаба...доз* бала. Ол талай бөйгеден жүлде алған.

3. Дұрыс тасымалданбаған сөздерді тап.

қоң-ырау

қа-йық

жа-уап

қай-ың

мей-ірім

жа-ңалық

4. Өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа жаз.

Апаң сенің базардан
Алма сатып әкелді.



Ең үлкенін, тәттісін
Саған таңдап әперді.
Не деп барып жеу керек?

Әнуарбек Дүйсенбиев

- Алғысыңды, ризашылығыңды қандай сөздермен білдіресің?

5. Суреттерге қара. Аттарын жаз.



6. Диалогтерді алғыс сөздермен толықтырып жаз.

- Ата, мына орынға отырыңыз.
- ..., қарағым!
- Әже, сөмкеңізді беріңіз, мен көтерейін.
- ..., айналайын!

рақмет

көп жаса

7. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Алғыс» тақырыбына әңгіме құра.

Тірек сөздер: балалар, мектеп, әжей, ауыр сөмке, көмектесу, риза болу, алғыс айту.

35–36-сабақтар – бақылау диктанты

МЕҢІҢ МЕКТЕБІМ



_____ .

тақырып

ат қою

негізгі ой

_____ ?

сурауы сөйлем

тәртіп ережелері

- Мәтіннің не екенін;
- мәтіннің неден құралатынын;
- мәтінге қалай ат қоюға болатынын *есіме түсіремін.*
- Мәтін тақырыбының не екенін, ондағы негізгі ойды;
- мәтінді қандай құрылымдық бөлікке бөлуге болатынын;
- мәтіннің түрлерін;
- сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлерін *білетін боламын.*
- Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтауды;
- мәтіннің басын, негізгі бөлігі мен соңын табуды;
- берілген тақырыпқа мәтін құрастыруды;
- сөйлем түрлерін анықтауды *үйренемін.*



37

Мектеп – бұл менің мұғалімдерім мен сыныптастарым

Мәтін дегеніміз не?

1. Оқы.

Инжу



1. Ұстазым, Инжу апай, алғашқы, менің.
2. Мынау – сынып бөлмесі. Айжан кітап оқығанды ұнатады.
3. Сынып бөлмесінің ауасы таза. Оның терезелері үлкен. Әдемі парталар үш қатарға тізіп қойылған. Мұғалім үстелі мен орындығы бөлменің оң жағында тұр.

- Салыстыр.
- Қай қатарда сөздер берілген?

Қандай сөйлемдер мазмұндық жағынан байланыспаған? Қай сөйлемдердің орнын ауыстырып айтуға болмайды? Неліктен?

- Мәтінді көшіріп жаз.



Есіңе сақта!

Соңғы бөлікте мәтін берілген. Мәтін құрамындағы сөйлемдер мазмұны жағынан өзара байланысқан.

2. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Сыныпта қанша оқушы бар?
 2. Оның нешеуі ұл бала, нешеуі қыз бала?
 3. Сыныптастарың бір-бірімен тату ма?
- Жазған жауабың мәтін болып шықты ма? Мәтінің не туралы? Мәтін мазмұнына сәйкес келетін тақырып таңда.

Біздің сынып

Тату сынып



3. Мәтін тақырыбына сәйкес келетін бөлікті тауып, мәтінді түсініп оқуды жүзеге асыр.

«Сабақ» сөзі нені білдіреді?

Сынып оқушылары сабақтан қалмайды. Олар – білімқұмар балалар.

білімқұмар

«Сабақ» сөзі араб тілінен енген. Ол «таңертең келу» дегенді білдіреді. Сабақ көбіне таңертең басталатыны сондықтан.

«Сөз сырына саяхат» кітабынан



4. Алдымен, сонан соң, сонан кейін, ең соңында сөздерін пайдаланып, суреттер бойынша «Мен – кезекшімін» тақырыбына мәтін құрап жаз.



Мәтін мазмұны жағынан өзара байланысты екі не одан да көп сөйлемнен құралады. Мәтін құрамындағы сөйлемдер **ортақ тақырышпен** бірігеді.



5. Мұғалім саған түрлі түсті қағаздан гүл жасап келуді тапсырды. Сен гүл жасау үшін алдымен, сонан соң, сонан кейін, ең соңында не істейсің?

• «Гүлді қалай жасаймын?» тақырыбында мәтін құрастыр. «Маған гүл жасауды тапсырды. Алдымен түрлі түсті қағаздарды таңдадым. Сонан соң...»



38

Мәтіннің тақырыбы және мәтіндегі негізгі ой дегеніміз не?

6. Оқы.

«Менің інім – Негеш сияқты көп білгісі келетін, сұрақты көп қоятын бала. Бүгін мені сұрақтың астына алды: «Сынып деген не? Сенің сыныптастарың кімдер? Мектепте сабақ беретін кісіні кім дейді?»

Мен бірден жауап бере алмай, тосылып қалдым*. Сен қалай жауап берер едің?

- Оқығандарыңның мәтін екенін дәлелдеңдер. Мәтіннің тақырыбын анықтаңдар: мәтінде кім туралы айтылған?
- Мәтінге ат қой.



Есіңе сақта!

Тақырып – мәтінде баяндалатын оқиға мен ойдың түйіні.

7. Оқы. Берілген сөйлемдердің мәтін құрамайтынын дәлелдеп көр.

Бауыржан түскі үзілісте асханаға барды. Досжанның мінезі ашық. Жәния кітабын күтіп ұстайды. Ол кимелеп, кезекте тұрғандардың арасына кіріп кетті. Талғат өлеңді мәнерлеп оқыды. Кезекте тұрғандар реніш білдірді. Марғұлан мектеп алдында ұзақ тұрды. Бірақ Бауыржан түк естімегендей тұра берді.

- Сөйлемдердің ішінен мәтін құрайтындарын көшіріп жаз.
- Құраған мәтінің тақырыбын анықта. Мәтінге ат қой.
- Құраған мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелдер тауып айт.



8. Өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқы.

Білімді ізде еңбектен

Білім терең теңіз бе?
Білім, еңбек егіз бе?
Рухани азығым* –
Осы екеуі деңіз де, –
Дейді атам, – білімді
Еңбекпенен сен ізде.

рухани

Ермахан Шайхыұлы



- Қай қатарларда автор айтқысы келген басты пікір берілген?
- Өлеңнің аты негізгі ойды беріп тұрғанын дәлелдеп көр.
- Негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді көшіріп жаз.



Есіңе сақта!

Мәтіндегі негізгі ой – автор айтқысы келген басты пікір.

9. Мәтінді оқып шық.

Уәде – қасиетті серт

уәде

Сыныптасым Айгүл екеуіміз жалғыз тұратын Әсел әжейге көмектесуді ұйғардық.

Үйді жинап, дүкеннен керек-жарақтарын әкеліп бердік. Ол кісі бізге риза болып, батасын берді. Өзімен бірге қадір шай ішуімізді өтінді. Біздер сыныптастарымызға киноға баруға уәде беріп қойғанымызды айттық.

Әсел әжей: – Дұрыс, қарақтарым, уәде – қасиетті серт. Уәделеріңде тұрсаңдар, қадірлерің артады, – деді.



- Мәтіндегі негізгі ой мен тақырыптың не туралы екенін анықта.
- Әжейдің жауабын қайталап оқы. Осы жауапта екі нақыл сөз бар, соны тауып, көшіріп жаз.



39

Мен мектебім мен сыныптастарымды жақсы көремін

Мәтіннің құрылымдық бөліктері

10. «Құмырсқа мен Қарақоңыз» мысалын түсініп оқы.



Құмырсқа мен Қарақоңыз бір сыныпта оқиды. Құмырсқа күнде бестік алып, Қарақоңыз екі ала беріпті.

Қарақоңыз Құмырсқадан:

- Сенің жақсы оқуыңның сыры неде? – деп сұрапты.
- Оның сыры – уақыт кестесінде.

Қарақоңыз өзінің уақыт кестесін жасайды. Қалай жасаса да, уақытын ойыннан артылта алмапты. «Құмырсқа ойынға жетпеген уақытты сабақ дайындауға қалай жеткізіп жүр екен?» деп таңданыпты.

Сансызбай Сарғасқиев

- Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіндегі оқиғаға қатысушыларды ата.
2. Құмырсқаның жақсы оқуының себебі неде екен?

3. Қарақоңыз неліктен уақыт кестесін дұрыс жасай алмады?

4. Өзің уақыт кестесін қалай жасар едің?



• Мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықта. Мәтіннің аты тақырыптың қысқаша атауы ма, әлде негізгі ойдың атауы ма?



• Мәтіннің басын, негізгі бөлігін және соңын тап. Суреті берілген бөлікті көшіріп жаз.



Есіңе сақта!

Мәтіннің басы оқырманды* оқуға даярлайды. Негізгі бөлікте автор айтқысы келген басты пікірін білдіреді. Мәтінді соңғы бөлік аяқтайды.

Мәтіннің әрбір бөлігі азат жолдан бастап жазылады.



11. Мәтінді оқы. Жоспарға сүйеніп, оның бөліктерін анықта.

Жоспар

1. Көңілсіз суреттер
2. Жан біткен суреттер

Меруерт табиғат көрінісін салмақшы болып, қара қарындашын алды. Салған суреттері бір түрлі көңілсіз, солғын болып шықты.

Бір кезде қолына түрлі түсті қарындаштарды алды. Аспанды қара бұлт торлады. Шатыр-шұтыр сары найзағай ойнады. Аспаннан көк тамшылар төпеп берді. Жерде ақ түсті шалшық сулар пайда болды.



- Мәтінде неше бөлік бар? Олар мәтіннің қай бөліктері? Қай бөлік берілмеген?
- Мәтіннің соңғы бөлігін өзің тауып айтып көр.
- Сурет пен мәтіннің арасында байланыс бар ма? Бар болса, дәлелде.

12. Мәтін тақырыбына сай келмейтін бөлікті алып тастап, мәтінді қайта құрастыр.

- Ермектің осындай достары бар. Ол достарын жақсы көреді. **ұялы телефон**
- Меруерт сабақ үстінде ұялы телефонын шұқылаумен болды. Оның бұл қылығы сынып мұғаліміне ұнамады.
- Бүгін оған Алмас пен Нұрлан келді. Хал-жағдайын сұрап, Ермекке әкелген суретті кітапшаларын ұсынды. **хал-жағдай**
- Балалардың бәрі сабақта. Ал Ермек болса ауырып, үйде қалды. Жалғыз өзі әбден зерікті.
- Құрастырған мәтіңіңе ат қой. Мәтіннің соңғы бөлігін дәптеріңе көшіріп жаз.



13. Мәтінді оқы. Мәтіннің басқы және негізгі бөліктерінің жігін ажырат.

40

Сабақтан келісімен Оспан сөмкесін лақтырып тастады да, үстел үстінде тұрған тамақты апыл-ғұпыл ішіп, ойнауға кетті. Ол кешке дейін доп қуып жүргенде, үйдегі інісі Мұрат та қарап отырған жоқ. Әуелі Оспанның сөмкесін ала мысықтың мойнына байлап біраз сүйретті. Сонан соң ...

Сансызбай Сарғасқиев



• Мәтіннің негізгі бөлігін 1-сурет арқылы толықтыр. Соңғы бөлігінде не болғанын өзің ойлап тап. Ол үшін 2-сурет арқылы оқиғаны болжап көр.



14. Оқы. Парталас жұбыңмен мақалдың мазмұнын талқылаңдар.

**Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен.**



• Көшіріп жаз. Өз-өзіңді тексер.

15. 79-беттегі суретке қара. Мәтінді оқы.

Ербол бүгін жарыста болып, сабаққа бармай қалды.

Кешкісін Жантастың үйіне барып, үйге берген тапсырманы сұрады. Ол көшіріп алуға дәптерін берді. Сол кезде Жантастың үйіне Ермек келіп қалды. Ол Ерболдың асығыс көшіріп



жатқанын көріп: «Сен оны текке көшірме, мен саған шығару жолын түсіндірейін, сонан соң өзің де үйреніп аласың», – деді.

мақұлдау

Ербол досының сөзін мақұлдап, оған ризалығын білдірді.

- Мәтін кейіпкерлері кімдер?
- Мәтіндегі оқиғаға сенің көзқарасың қандай?
- Мәтінді қанша бөлікке бөлуге болады? Қай бөлікте суреттер берілген? Тағы қандай сурет салуға болады?
- Мәтіннің соңғы бөлігін көшіріп жаз.

16. Оқы.

Біздің Айша апай тәрбие сағаттарын қызықты өткізеді. Бірде ол келесі тәрбие сағатында өзара сынға түсетінімізді хабарлады. Өзара сында әрбір сынаушы сынайтын досының әуелі жақсы жағын, сонан соң кемшілігін дәлелдеп айтуы қажет екендігін ескертті.

Серік Арнұрмен өзара сын айтысына түсті. Айтысты Серік бастады.

– Достым, Арнұр! Мен сенің әдептілігің мен кішіпейілдігіңді үлгі тұтамын. Дегенмен, сенің жеңе алмай жүрген кемшілігің бар.

кішіпейіл



Ол – жалқаулық. Сен жалқау болмасаң, үштік бағаларың болмас еді.

Арнұр ...

«Балдырған» журналынан



- Мәтін неше бөліктен тұрады? Аяқталмай қалған бөлік қайсысы?
- Арнұрдың не деп айтқанын жалғастырып көр.
- Сыныпта бір-біріңмен өзара сынға түсіп көріңдер.



41

Суретпен таныстырамын

Мәтін және оның түрлері



17. Суреттерге қара. Өрқайсысының мазмұнына лайық мәтіндер таңдап ал.

Не істеді?

Қандай?

Неліктен?



1. Сынып оқушылары терезе алдындағы гүлдің топырағын қопсытады. Оған уақытылы су құйып тұрады.

2. Құмырадағы гүл өте әдемі. Оның қып-қызыл гүлдері көздің жауын алады*. Хош иісті гүлдері мұрныңды жарады.

3. Айболға мұғалім ескерту жасады. Өйткені ол гүлді жұлып алып, мұғалімге ұсынған еді.



• Бірінші мәтінде кім және не туралы айтылған? Балалар алдымен не істейді? Сонан кейін ше? Болған оқиғаның ретін көрсетіп тұрған қимылды білдіретін сөздерді ата. Осы мәтінге қандай сұрақ қоюға болады?



Бірінен кейін бірі болатын әрекет, оқиға баяндалатын, хабарланатын мәтін **әңгімелеу мәтіні** деп аталады. Әңгімелеу мәтініне **не болды? не істеді?** сұрақтары қойылады.

- Қай мәтіннің сөйлемдері қандай гүлдер? деген сұраққа жауап береді?



Заттың немесе құбылыстың сын-сипаты берілген мәтін **сипаттау мәтіні** деп аталады. Сипаттау мәтініне **қандай?** сұрағы қойылады.

- Үшінші сурет пен оған мазмұны сәйкес келетін мәтінге назар аудар. Айбол **неліктен** ескерту алды?
- Сен Айболдың орнында болсаң, мұғалімнен кешірім сұрар ма едің?



Назар аудар!

Үшінші сурет бойынша **пайымдау мәтінін** құрастыруға болады. Пайымдау мәтіні үш бөліктен құралады:

- *бірінші бөлікте* түсіндіруді, дәлелдеуді қажет ететін ой айтылады: *Айболға мұғалім ескерту жасады;*
- *екінші бөлікте* түсіндіру, дәлелдеу пікірі беріледі: *Өйткені ол гүлді жұлып алып, мұғалімге ұсынды;*
- *үшінші бөлікте* қорытынды пікір беріледі: *Ол кінәсін мойындап, мұғалімнен кешірім сұрады.*

Пайымдау мәтініне **неліктен?** сұрағы қойылады.



18. Суреттерге қарап, «Біздің сынып» тақырыбында әңгімелеу, сипаттау мәтіндерін құрастырып көріңдер.

- Қай мәтін түріне сурет берілмеген?



Әңгімелеу
Не істеді?



Сипаттау
Қандай?



Пайымдау
Неліктен?



- Пайымдау мәтініне қандай сурет салуға болады?
- Сызбаны пайдаланып, пайымдау мәтінін құрастырып жаз.





42

19. Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқы.

Алуан бояу іріктеп алды,
Асықпай Марат суретті салды.
Үстелге жайып қағазды аппақ,
Сарымен сұлу жасады бақбақ.

Қызылдан кірпіш қағазға толды,
Зәулім үй келіп аулаға қонды.
Шатырын әсем бояды көкпен,
Жасылмен дуал* жасады еппен.

Өз орнын тапты әртүрлі бояу,
Бәрінен шебер Мараттың ойы-ау!

Тұрсынхан Әбдірахманова

• Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндір. Бұл сөздерді бірінің орнына бірін алмастырып қолдануға бола ма?

• Сұрақтарға жауап жаз.

1. Марат бояумен **не істеді?**
2. Ол **қандай** сурет салды?
3. **Неліктен** әртүрлі бояу өз орнын тапты?

• Осы сұрақтар мен жауаптардың көмегімен өлеңді мәтін түрлеріне ажырат.

• Өлеңдегі сипаттау мәтіні бойынша сурет салып көр. Салған суретің **Қандай үй?** сұрағына жауап беретіндей болсын.

20. 84-беттегі суреттерге қара. Оқушылар бұл заттарды дұрыс салыстыра алды ма? Олардың қателерін тауып, өз жауабыңды ұсын.

1. Алма – қызыл, ал қарбыз үлкен.
2. Шарлардың түрі мен түстері әртүрлі. Шиелердің түрі мен түсі бірдей.





3. Бір қасық үлкен, екіншісі – темір.



Есіңе сақта!

Сипаттауда заттың бірнеше белгісі – түсі, түрі, көлемі көрсетіледі. Ал салыстыра сипаттауда заттардың ұқсастығы мен ерекшелігі олардың нақты белгілері бойынша тапқызылады. Мысалы: *алма – қызыл, қияр – жасыл.*




21. Сипаттау үшін өзің ұнататын заттың суретін таңда.



• Осы затты сипаттауға тырыс. Ол үшін сипаттау мәтінін «Мен ... туралы айтқым келеді, ...» деп баста. Өрі қарай ол заттың негізгі белгілерін (түр-түсін, көлемін, қасиетін) сипатта. Сол зат туралы өз ойыңды айт.



22. Сендер сиқырлы қарындаш болатынын білесіңдер ме? Бұл қалай? Түк қиындығы жоқ. Берілген пішіндерді сыныптағы заттарға айналдырып салып көріңдер.



43

Диалог жаза аламын

Сөйлем дегеніміз не?

23. Суретке қара. Қожа туралы фильм қалай аталады? Оның кейіпкерлері кімдер?





- Оқы.
 - Неге шақырдың, Қожатай?
 - Шақырғам жоқ...
 - Дауыстағандай болдың ғой?
 - Сізге емес ... жайша. Мұнда құпия кеңес өтіп жатыр.
- Бөгет жасамаңыз.

Бердібек Соқпақбаевтан



• Оқығаныңның диалог екенін дәлелде. Диалогке кімдер қатысты? Кім сұрады? Кім жауап берді?



- Диалогті жұбыңмен рөлге бөліп оқы.



- Диалогті көшіріп жаз.



Есіңе сақта!

Диалогте әрбір кісінің сөзі жаңа жолдан басталып, алдына сызықша қойылып жазылады.



24. Оқыңдар. Қай сөздердің тобы сөйлемді құрайды? Өз жауаптарыңды дәлелдеп көріңдер.

1. Неге, Қожатай, шақырдың.
2. Неге шақырдың, Қожатай?



• Сөйлемді көшіріп жаз. Бұл сөйлем қандай ойды білдіретінін айттып көр.



25. Қожаның алдына қойған міндеттемелерін оқы. Көшіріп жаз.

Сабақтан себепсіз қалмаймын. Үйге берілген тапсырманы уақытында орындаймын. Мен үлгілі оқушы боламын.



- Неше сөйлем жаздың? Әрқайсысында не туралы айтылған?
- Жазуда сөйлемнің бірінші сөзі қандай әріптен бастап жазылады? Соңына не қойылады? Ауызша сөйлеуде сөйлемдер бір-бірінен қалай ажыратылып айтылады?



Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. Сөйлем соңына не нүкте (.), не сұрау белгісі (?), не леп белгісі (!) қойылады.

26. Хабарландыруды оқы. Неше сөйлем бар екенін анықта.

Хабарландыру

Қаңтардың 7-сі күні сағат 10-да шаңғыдан мектепшілік жарыс өтеді жарысқа қатысам деушілер ұйымдастыру комитетіне алдын ала тіркелуі қажет көлік мектеп жанынан 8³⁰-да жүріп кетеді.

Ұйымдастыру комитеті

- Тиісті тыныс белгілерін қойып, хабарландыруды көшіріп жаз.
- Сөйлемнің соңындағы тыныс белгілерінің әрқайсысы қандай «қызмет» атқарып тұрғаны туралы өзің қорытынды жаса.

27. Диалогті қалпына келтір. Ол үшін мына жауаптарды қандай сұрақтар қою арқылы алуға болатынын анықта.

- Иә, Беріктің иті жоғалып кетті.
- Жоқ. Ол хабарландыру жазбады.
- Мен Беріктің итінің ерекше белгілерін білмеймін. Сол себепті хабарландыру жаза алмаймын.
- Беріктің итінің суретін тауып, хабарландыру жазайық.

- Сен хабарландыруды қалай жазар едің?

28. Сынып оқушылары тіл апталығына қызу дайындалуда. Хабарландыру жазуды мұғалім саған тапсырды. Сен хабарландыруды қандай мазмұнда жазасың?

- Алғашқы азат жолдағы сөйлемдерді пайдаланып, мұғаліммен болатын диалогті іске асыр.





44

Үзіліс кезінде демалуға арналған ережелерді сақтаймын

Хабарлы сөйлем



29. Мәтінді түсініп оқы.

Үзілісте

Сәуле – сынып ұжымының ұйымдастырушысы. Ол үзілісте кезекшілердің терезені ашып, тақтаны сүртіп қоюын ескертеді. Тақта сүрткішті үнемі дымқылдап қояды. Балалардың үзіліс кезіндегі тәртібін қадағалайды.

Бірде Сәуле:

– Біз үзіліс кезінде дұрыс демалуға тиіспіз, ол үшін не істеу керек, әркім өз ойын айтсын, – деді.



- Үзілісте сендер не істейсіңдер? Сендер де өз ойларыңды айтыңдар.



- Үзіліс не үшін беріледі деп ойлайсың?

- Үзіліс кезінде демалуға арналған ережелер құрастырып көр.



30. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Үзіліс кезінде сыныпта жүгірмейді. Айқайлап сөйлемейді. Өрдайым әдеп сақтау керек.

- Сөйлем соңындағы тыныс белгілеріне назар аудар.



Бірдеңенің жайын хабарлау мақсатымен айтылған сөйлемді **хабарлы сөйлем** дейді. Хабарлы сөйлемнің соңына **нүкте (.)** қойылады: *Оқушылар мұражайға барды.*



31. Суреттерге қара.

1



2



3



4



5



6



• Суреттегі балалардың қайсысы үзілісте өзін жақсы ұстады? Қай оқушы өз тәртібін өзгертуі керек деп ойлайсың?





32. Үзіліс кезінде демалуға арналған ережелерді 1, 3, 4-суреттердің көмегімен жазып көр. Жазғандарың қандай сөйлем?



33. Мәтінді оқы.



45

Біздің сынып тауға саяхатқа баруды ұйғарды. Саяхатқа бару үшін демалыс күні сағат 10-да мектептің алдына жиналды. Осы кезде мұғалім бізге өзінің ұялы телефонына хабарлама келгенін айтып, оны бізге оқып берді:

«Бүгін тауға шығуға болмайды. Қар көшкіні болуы мүмкін. Төтенше жағдайлар комитеті».

Біз саяхатты кейінге қалдырдық.



- Мәтіннен хабарламаны тауып, көшіріп жаз.
- Хабарламаның мәтіннен өзгешелігін тауып көр.



Есіңе сақта!

Мәтінге қарағанда хабарламаның көлемі қысқа, шағын болады. Хабарламада нақты бір ақпарат туралы ғана айтылады.

34. Хабарламаларды оқы. Оларда не туралы хабарланған?

1. Айжан, туған күніңмен құттықтаймын! Әсел.
 2. Ертең сағат 12-де әуежайдан күтіп ал.
 3. 20 қаңтарда күтіп ал. 2-ші пойыз. 8-ші вагон. Жанат.
- Хабарламадағы сөз санына назар аудар.



35. Мәтінді оқы. Онда неше сөйлем бар? Оны қалай анықтадың?

Біздің мектебіміз орталықта мектептің бөлмелері кең, жарық, терезелері үлкен

Менің сыныбым екінші қабатта біздің сыныптың оқушылары әдепті

- Мәтінде сөйлемнің қай түрі берілгенін айт.
- Әр сөйлемнен кейін тиісті тыныс белгісін қойып, мәтінді көшіріп жаз.
- Мәтінге ат қой.

36. Сынып оқушылары табиғат аясына саяхатқа барып келді. Саяхат барысында алған әсерлерің туралы диалог құра.

37. Қызылмен жазылған әріптер бойынша жұмбақты оқы.

к	о	м	с	ә	л	ы	а	л	ы	ж
ө	р	ж	л	с	е	ң	қ	ц	п	һ
қ	ы	е	е	ң	м	і	а	ө	к	х
а	қ	р	д	і	і	ф	з	ң	е	н
ш	с	а	ш	ө	н	т	е	к	л	і
ш	е	һ	ц	ө	е	н	о	ө	е	м

- Жұмбақтың шешуін тап.



46

Мектептегі тәртіп ережелерін құрастырамын

Сұраулы сөйлем

38. Мәтіннің басын және соңғы бөлігін оқы.

Аян сабақта отырып, қайта-қайта терезеге қарай берді...
Сабақ аяқталды. Аян далаға жүгіріп шығып, бар дауысымен: «Мені шақырған кім?» деп айқайлады. Оған күн

күлімдеді, оған кішкене құс әндетіп сайрады, оған қызыл шие сабағын иіп, жемісін ұсынды.



- Мәтін не туралы? Оның негізгі ойы неде?
- Қарамен жазылған сөйлемді тиісті дауыс ырғағымен оқы. Оның қандай сөйлем екенін айт.



39. Мәтінді түсініп оқы.

Ақтелпек кемпірқосақтың суретін салғысы келді. Ол дереу ақ қағаз бен бояу қарындаштарын алып, сурет салуға кірісті.

Кенет:

– Осындай кемпірқосақ бола ма екен? – деген біреудің дауысы естілді.

Ақтелпек бұрылып қарап еді, ешкім көзіне көрінбеді. Ал қабырғаға күн сәулесі түсіп тұр екен.

– Амансың ба, балақай? Бұл – менмін, Күн сәулесімін, сенімен сөйлесіп тұрған. Сен кемпірқосақты дұрыс бояған жоқсың.

– Қалай бояу керек екенін сен қайдан білесің?

– Себебі, кемпірқосақты жасайтын менмін.

– Сонда қалай? Сен – ақсың, ол болса түрлі түсті ғой.

– Мен әншейін сырт көзге ғана ақ болып көрінемін. Ал шын мәнінде, менің бойыма бірнеше түс тоғысқан: қызыл, қызыл сары, жасыл, көк, көгілдір және күлгін.

«Негеш» кітабынан

- Мәтіндегі сөйлемдердің тыныс белгісіне назар аудар. Хабарлы сөйлем мен сұраулы сөйлемнің оқылу ырғағын салыстыр.
- Мәтіндегі сұраулы сөйлемдерді теріп жаз.



Жауап алу мақсатымен айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейді. Сұраулы сөйлемнің соңына сұрау белгісі (?) қойылады: *Сенің досың кім?*

40. Төмендегі сұрақтар бойынша парталасыңмен диалог құра.

1. Нешінші сыныпта оқисың?
2. Сабақтарың сағат нешеде басталады?
3. Сабақтан кейін не істейсің?

41. Суреттер бойынша бір-біріңе сұрақ қой.



42. Хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырып жаз.

Толқын кітапханадан кітап алды. Ол көп оқиды. Әжесіне ертегі оқып береді.



47

43. Өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқы. Хабарлы сөйлем мен сұраулы сөйлемнің оқылу ырғағын салыстыр.

– **Шегене** деген немене?

– Соны білгің келе ме?

Шамалы, азды, шағынды

Бабалар* деген шегене.

Мұзафар Әлімбаев

- Өлеңдегі сұраулық мағынаны білдіріп тұрған сөзді тап.
- Қарамен жазылған сөздің жазылуына назар аудар.



- *Баба* сөзінің беретін мағынасын оқулықтың соңындағы түсіндірме сөздіктен қарап ал.



Есіңе сақта!

Сұраулы сөйлемдегі сұраулық мағынаны білдіретін сөз басқа сөздерге қарағанда көтеріңкі дауыспен оқылады.



Сұраулы сөйлем жасайтын **ма, ме, ба, бе, па, пе** өзінің алдындағы сөзден бөлек жазылады: *Айгүл келді ме? Жауын басылып па?*



44. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Кісіге қарап орынсыз күлме. 2. Сәуле келді ме? 3. Сабақтан кешікпе. 4. Айдос ауылдан келіп пе? 5. Ешқашан өтірік айтушы болма! 6. Қар қалың жауды ма?



- Қарамен жазылған сөздерді салыстырып, өзің қорытынды жаса.

45. Сызба бойынша бір-біріңмен диалогке түс.



48

46. Аян өзінің қарындасы Мерейге өлең оқып отыр. Ал Мерей болса, өлеңдегі сұрақтардың жауабын таба алмай қиналуда. Мерейге көмектесейік. Ол үшін төмендегі өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқып, сұрақтардың жауабын түсіндірме сөздіктен іздейік.

Неге?

Бұлттар неге ауады?
 Жаңбыр неге жауады?
 Шағыл* неге көшеді?
 Жарық неге өшеді?
 Маса неге шағады?
 Жұлдыз неге ағады?
 Орман неге шулайды?
 Теңіз неге тулайды?

Қадыр Мырза Әли

- Өлеңнен сұраулық мағына беріп тұрған сөзді тап.



47. Мына жайттарды білу үшін сұраулы сөйлемдер құрап жаз:



- сабақтың басталатын уақытын;
- сыныптағы кезекшінің есімін;
- Асқардың сабақтан кешігу себебін;
- қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың санын.



48. Өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқы. Лепті сөйлем мен сұраулы сөйлемнің оқылу ырғағын салыстыр.

Ақ терек, көк терек

- Ақ терек, көк терек,
Бізден сізге кім керек?
- Елгезек те тіл алғыш
Болса, сондай ұл керек!
- Ақ терек, көк терек,
Бізден сізге кім керек?
- Білімді де тәлімді
Болса, сондай ұл керек!



- Өлеңнің жалғасын өзің айтып көр.



- Бұл ойын саған ұнай ма? Ұнаса, үзіліс кезінде және дене-шынықтыру сабақтарында ойнап көріңдер.



- Үзіліс кезінде ойнауға болатын тағы қандай ойындарды білесің?



49. Бағанның сол жағындағы көп нүктенің орнына тиісті сұрау мәнді сөйлемдер жаз. Екі бағандағы сөйлемдердің бір-бірінен өзгешелігін дәлелде.

- ? | Өскенде ұшқыш болғым келеді.
- ? | Ұшқыш болу үшін батыл болу керек.
- ? | Мен сурет салғанды ұнатамын.
- ? | Әбілхан Қастеев сияқты суретші болғым келеді.



50. Жұмбақты көшіріп жаз. Шешуін тап.

Мойыны – сұрақ белгісі,
Бұл қандай көл құсы?



- Жұмбақ шешуіндегі құсты сипаттап жазып көр.



49–50

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Берілген сөздерден төрт сөйлем құрап жаз. Тиісті тыныс белгілерін қой.

1. па, алыс, мектеп, оқитын, сен.
2. әдепті, балалар, қандай.
3. ат қоюға, мәтінге, болады.
4. баласы, аюдың, не.

2. Диалогті дұрыс қалпына келтіріп жаз.

- Үлкен рақмет!
- Мен сізге жеделхат әкеп тұрмын.
- Бұл кім?

- Екеуара сөйлесіңдер.

3. Ойлан, тап. Тапқан сөздеріңмен сөзжұмбақ құрастырып көр.

1. Аяқталған ойды білдіретін тілдік бірлік.
2. Хабарлы сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгісі.
3. **Неліктен?** сұрағына жауап беретін мәтін түрі.
4. Автордың айтқысы келген негізгі пікірі.

4. Мұғалім «Менің мектебім» өлеңін жатқа жазуды тапсырды. Өлеңді жатқа жазу үшін *алдымен, сонан соң, сонан кейін, ақырында* не істейсің?

- «Өлеңді қалай жатқа жазады?» тақырыбында әңгімелеу мәтінін құрастыр. Мәтінді «Алдымен мәтінді оқып, не туралы оқығанымды көз алдыма елестетемін» сөйлемінен бастап жаз.

- Құрастырған мәтінің қай сұраққа жауап береді?

қандай?

не істеймін?

неліктен?

5. Сұрақтардың көмегімен суреттегі затты сипаттап жаз.

Түсі қандай?

Материалы
қандай?

(Неден жасалған?)



Көлемі қандай?

Кімдікі?

6. Мәтінді оқы.

Біз сыныпты таза ұстаймыз. Өйткені, ол – біздің екінші үйіміз. Мұны балалардың бәрі жақсы түсінеді.

• Мәтіннің түрін анықта:

- а) әңгімелеу;
- ә) сипаттау;
- б) пайымдау.

• Мәтінге ат таңда.

Біздің сынып

Сынып – екінші үйіміз

• Мәтін мазмұны бойынша екі сұрақ құрастырып жаз.

7. Пайымдау мәтіні туралы білетіңді пайдаланып, жағдаяттан шығып көр.

Медеттің інісі Аян балабақшаға барады.

Кеше кеште Аян ағасынан «Жапырақ көктемде неге жасыл, күзде неге сары болады?» деп сұрап қоймады. Сұрақтың жауабын таба алмаған Медет көмекке сыныптастарын шақырды.

Сенің жауабың қандай болмақ?

• Сұрақтың жауабын таппасаң, дереккөздерге жүгін.

МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ



_____, _____!

лепті сөйлем

_____ .

табиғат

адам

жер бедері

каллиграмма

- Өлең құрастыруды;
- каллиграмма жасауды;
- өңгіме жазуды;
- сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлерін ажыратуды;
- сөйлем түрлеріне сәйкес тыныс белгілерін қоюды;
- сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы табуды *үйренемін*.



51

Табиғат және адам

Лепті сөйлем



1. Өлеңді түсініп оқы.

Табиғат,
Тіршіліктің тұнып тұрған,
Сен – Күннің көтерілген
күліп қырдан.
Сен – Көлдің,
Сен – Ормансың.
Сен – Бұлбұлсың,
Адамды сұлулыққа
құнықтырған*.

Сен – Жарықсың,
Сен – Жердің,
Сен – Гүлдің,
Сен – Адамсың,
Сен – Ауасың,
Сен – Анамсың –
Бәрі Сен – менің өмірім
сен сыйлаған,
Туған жерім –
Отаным – Қазақстан.

Садықбек Хангелдин

- Өлең не туралы?
- Өлеңге ат қой.
- Табиғатқа нелер жатады?
- Бізді қоршаған орта не деп аталады?



2. Сурет бойынша білетінде-
ріңді айтып көріңдер.



- Суреттегілерді бір сөзбен қалай атауға болатынын айт.
- Көп нүктенің орнына қажеттілерін өзің тауып қойып, төмендегі үлгіде сөйлем құрап жаз.

Үлгі: *Қандай әдемі гүл! Мына пілдің үлкенін-ай! ...*

- Құраған сөйлемдеріңді таңданысты білдіретіндей дауыс ырғағымен оқы. Не байқадың?



3. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Балақай мен қалақай

Саяхаттап көрдік қыр,
Қырға бардық, тердік гүл.
Айқайлады балақай:
– Алақай-ау, алақай!
Жапырақты үземін,
Гербарий* ғып тіземін.

гербарий

Ол қурайды бас салды,
Міне, шатақ басталды.
Қарып алды қалақай,
Жылап қалды балақай...

Мұзафар Әлімбаев

- Қалақай туралы не білесің?
- Өлеңнен баланың қуанышын білдіретін сөйлемді тап, оның айтылу ырғағына және тыныс белгісіне назар аудар.



Адамның көңіл күйін, сезімін білдіретін сөйлемді **лепті сөйлем** деп атайды. Олар көтеріңкі дауыспен айтылады. Лепті сөйлемнен соң **леп белгісі (!)** қойылады.

4. Өлеңді көшіріп жаз.

Алақай, алақай!
Күн шықты, күн шықты,
Жер үстіне нұр шықты!

- Өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқы.
- Өлең шумағы сенің көңіл күйіңе қалай әсер етті?

5. Өзің екі-үш лепті сөйлем құрап жаз.





6. Өлеңді мәнерлеп оқы.

52

Білгісі келеді

Сұрағы көп-ақ тіпті Құралайдың,
Дегенмен ол орынсыз сұрамайды.

Бір күні таңғалдырды Құралайым:
«Тіреусіз бұлттар неге құламайды?»

Немесе: «Қалай? – дейді, – неге? – дейді, –
Аппақ қар қара бұлттан себелейді?

Мұз неге ерігенде су болады?
Су неге қайнағанда бу болады?»

Құралай болса да әлі тым кішірек,
Тұрады бәрін соның білгісі кеп.

Мұбәрак Жаманбалинов

- Мәтіндегі қарамен жазылғандар қандай сөйлемдер?
- Осы сұрақтардың жауабын түсіндірме сөздіктен іздеп көр.
- *Әдемі гүлдер, жүзімнің тәттісі-ай* сөздерін қатыстырып, лепті сөйлемдер құрап жаз.

7. Сөйлемдерді көркемдеп жаз.

Өзіңді қоршаған ортаны ластама! Суға түкірме! Ағаштың
бұтақтарын сындырма! Гүлді жұлма!

- Жазған сөйлемдерің қандай сөйлем екенін айт.

8. Сурет бойынша мәтін құрап көріңдер.



- Суретке қарап не айтуға болады?
- Сурет сенің көңіл күйіңе әсер етті ме?
- Құраған мәтінінде лепті сөйлемдер болатын болсын.

9. Дұрыс құрастырылмаған мәтінді өзің қайта құрастырып жаз.

Өйткені адам, өсімдік, жануарлар – барлығы сусыз тіршілік ете алмайды. Су – өмір нәрі. Сусыз тіршілік жоқ.

- Бұл мәтіннің қай түрі?
- Мәтіндегі негізгі ойды тап.
- Мәтінге негізгі ойды бейнелейтіндей ат қой.

10. Көп нүктенің орнына сұрау не леп белгілерінің тиістісін қойып, өлеңді мәнерлеп оқы.

Не жомарт*... Кім жомарт...

- Не жомарт...
- Жер жомарт
- Адамзатты асыраған.
- Не жомарт...
- Күн жомарт
- Жерге нұры шашыраған...

– Кім жомарт...
 – Ұстаз жомарт
 Бар балаға тәлім берген...
 – Кім жомарт...
 – Батыр жомарт
 Халық үшін жанын берген...

Мұзафар Әлімбаев



• *Жомарт* сөзінің беретін мағынасын оқулық соңындағы түсіндірме сөздіктен оқып ал.



53

Жер бедері деген не?

Лепті сөйлем



11. Оқы.

- Дүние деген не? – деп сұрады кішкентай шабақ.
- Дүние дегеніміз телегей-теңіз су, – деді үлкен балық.
- Дүние деген не? – деді ақ аюдың қонжығы.

Оның енесі:

– Дүние! – деп, біраз ойланды да, – ол – мұзды таулар, мұз алаңы, оның астындағы су, – деді.

– Дүние деген не? – деп сұрады кішкентай бота.

– Дүние деген – көп құм, аздаған саз және аздаған шөп, тәтті тікен, – деп жауап берді түйе.

– Алақай, дүние дегеннің не екенін енді білдім! Ал, балалар, бұл туралы сендер не білесіңдер?

- Мәтін не туралы?
- Мәтінге ат қой.
- Мәтін кейіпкерлерінің тіршілік ететін ортасын анықта. Содан өзің қорытынды жасап көр.
- Мәтіннен сұраулы және лепті сөйлемдерді теріп жаз.



12. Суреттерді пайдаланып өңгімеле.



Аспан-көкте жұлдыздар,
Жерде біздің ұл-қыздар.



Ғарыш деген алыс па екен?
Ол да бізге таныс мекен!



Су – тірліктің өзегі,
Ақса, болар өзені.



Орман – табиғат дәулеті,
Аң мен құс – әулеті.



Ауа – өмір нәріміз,
Тыныстайтын бәріміз.



Жел соқса гуілдеп,
Кетер маңай дүрілдеп.

Жақау Дәуренбеков

• Суреттердің астындағы сөйлемдерді оқы. Сонан соң суреттерге қарап лепті сөйлемдер жасап көр.

13. Мақалдарды қатесіз көшіріп жаз, мазмұнын түсіндір.

1. Жаңбыр жауса – жер ырысы,
Батыр туса – ел ырысы.
2. Жаңбырмен жер көгерер,
Батамен ел көгерер.

- Жаңбырдың пайдасы туралы өңгімелеп көр.
- Жаңбыр туралы төмендегі сұрақтарға жауап беріп көр:
Жаңбыр қандай күндері жауады?
Жаңбыр жауатын кезде табиғатта қандай өзгерістер болады?



14. Суретке қарап, әр сурет жылдың қай мезгілі екенін айт. Өз ойыңды дәлелде.



- Қалаған жыл мезгілінің суреті бойынша әңгіме құрастырып көр.



15. Шарлардағы сөздерден сөйлемдер құрап жаз. Осы сөйлемдерді мәтін шығатындай етіп орналастыр.



- Мәтінді әрі қарай лепті сөйлемдерді қатыстыру арқылы жалғастырып жаз.

Сәния анасымен көшеде келе жатты. Ол аспанда қалықтап ұшқан шарды көріп, қуанып кетті. Сәния: ...



54

16. Өлеңді түсініп оқы.

Қазақстан картасы

Алматы – жері жайсаң облыс,
 Ақтөбе – өлке, ақ тарысы – мол ырыс.
 Атырау – мол Қазақстан мұнайы,
 Жамбыл – жайлау, қазыналы, шұрайлы.
 Жезқазған – кен, бұзылмаған қаймағы,
 Көкшетау – көп көгілдір көл аймағы.
 Қарағанды – қара алтынның қоймасы.
 Қостанай – құт, қызыл бидай қамбасы.
 Қызылорда – күрішті Сыр сағасы,
 Орал – көне Ақжайықтың жағасы.
 Өскемен – өр, шығыста Алтай аясы,
 Павлодар – Қара Ертістің саясы.
 Қызылжар – солтүстігім орманды,
 Семей – аңыз, Шыңғыстаудай қорғанды.
 Талдықорған – жер жаннаты, көп бағы,
 Ақмола – Арқада астық алқабы,
 Шымкент – ыстық оңтүстігім мақталы.

Ермек Өтетілеу

- Өлең не туралы?
- Өлең неліктен «Қазақстан картасы» деп аталды деп ойлайсың?



17. Жұмбақты қатесіз көшіріп жаз. Шешуін тап.

Бір жерінде жаз,
Бір жерінде күз,
Бір жерінде қыс,
Бір жерінде көктем,
Керемет алып неткен!



- Леп белгісі неліктен қойылғанын айт.



18. Суреттерге қара және мәтінді оқы.



Көктемде қыздар гүл тұқымын септі. Ұлдар раушан және жауқазын гүлдерін отырғызды.

Біраздан соң бұл өсімдіктер көктей бастады. Балалар оларға күтім жасады.

Жазда алуан түсті гүлдер жайқалып өсті.



- Мәтін неше бөліктен тұрады? Оны қалай анықтадың?
- Мәтіннің екінші және үшінші бөліктерін өз сөйлемдеріңмен толықтыр. Ол үшін суретті және керекті сөздерді пайдалан. Мәтінге ат қой.



Керекті сөздер: суғарды, арамшөптерді жұлды, гүл шоқтарын жасады, 1 қыркүйекте, мұғалімге сыйлады.

- Құраған мәтініңді айтып бер.
- Мәтіннің қорытынды бөлімін жаз.



19. Кестедегі облыс, қала аттарын тап.

т	қ	е	л	һ	ш	о
ш	о	р	а	л	қ	й
ы	с	а	қ	т	а	у
м	т	л	м	һ	р	л
к	а	м	о	м	а	т
е	н	а	л	ё	ғ	щ
н	а	т	а	к	а	ц
т	й	ы	н	с	н	ң
ш	к	п	е	т	д	қ
т	п	с	к	ш	ы	з



55

Өлең құрастырып, каллиграмма жасаймын

Сөйлемдегі сөздердің байланысы

20. Өңгімені мәнерлеп оқы.

Бейбіт бақша ішінің балшығын бейберекет шашып, қопарып ойнап жүр еді, өтіп бара жатқан бір қария:

– Әй, балам, Жерді мұнша неге қорлайсың? Қайта қадірлеп күтпеймісің, ол сені асыраушы анаң ғой, – деді.

Балшықты анаң дегеніне аң-таң болған Бейбіт:

– Менің анам үйде, аты – Зейнеп, – деді.

Бейбіт үйге келді. Анасы баласының үсті-басын көріп кейіді. Тамағын ішіп, көңілі жайланған соң Бейбіттің есіне қарияның айтқаны түсті.



– Апа, – деді ол, – мана бір шал маған жерді босқа қопарма, ол да сенің анаң деді, ол не дегені?

– Сен не дедің? – деп сұрады Зейнеп.

– Менің анам үйде дедім.

– Балам-ай, неге осынша кір, балшық болып келгеніңді енді білдім. Ол кісі саған дұрыс айтқан. Жер – бәріміздің анамыз. Онсыз тіршілік жоқ.

Қайыржан Сәрсекеев

- Мәтіннің мазмұнын айт.
- Мәтінге ат қой.
- Неліктен «Жер – біздің анамыз» деді деп ойлайсың?
- Қарамен жазылған сөйлемдегі сөздердің байланысын тауып көр.



Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланыста болады. Олардың байланысын сұрақ қойып білеміз.



21. Мақалды көшіріп жаз.

Диқаншы жерін мақтайды,
Балықшы көлін мақтайды.

- Төмендегі үлгіні пайдаланып, сөйлемдегі сөздердің байланысын тап.

– Диқаншы не істейді?

– Диқаншы мақтайды.

– Несін мақтайды?

– Жерін мақтайды.



22. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, өлең құрастыр.

Тырс-тырс!

Жаңбыр көп жауады,

... тамады.

Тырс-тырс!

... қағады,
 ... ағады.
 Тырс-тырс!
 ... ауаны,
 ... көп жауады.

Ермек Өтетілеу

- Қарамен жазылған сөйлемдегі сөздердің байланысын тап.
- Асан осы өлең мазмұны бойынша төмендегідей каллиграмма жасады.



- Сен де каллиграмма жасап көр.



56

23. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
 Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
 Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
 Басқан жері сықырлап келіп қалды.
 Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
 Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.

Абай



- Өлең не туралы? Оған ат қой.
- Өлеңдегі қысты бейнелейтін сөздерді тап.
- Тапқан сөздеріңді пайдаланып, өзің өлең құрастыр.
- Құрастырған өлеңіңнен каллиграмма жаса.


24. Жұмбақты көркемдеп жаз. Шешуін тап.

**Аспаннан ақ ұлпа борады,
Қырқаны сейсепке орады.**

- Қарамен жазылған сөйлемдегі сөздердің байланысын сызбамен көрсет.

Үлгі: Қар қалың жауды.

25. Берілген сөздердің ішінен табиғатқа қатысты сөздерді тап.



- Тапқан сөздеріңнің қайсысы мына сызбадағы сөздерге сәйкес келетінін анықта.

үскірік* —————> ...
 ұлпа* —————> ...
 ақша —————> ...
 шалқар —————> ...
 қарлы —————> ...

- Өзіңе ұнаған сөздерді қатыстырып сөйлем құра.



26. Мақалды оқып, жатқа жаз.

Ағын су арнасын табады.



- Сөйлемдегі сөздердің байланысын сызбамен көрсет.
- Мақалдың мазмұнын түсіндір.

27. Керекті сөздерді пайдаланып, өлеңнің ұйқасын тап.

Аяз қысып,
 Өрнек ...
 Терезенді торлайды.
 Қарға омбығып,
 Бет ...
 Сырғанап жастар ...
 Кейде ұлып,
 Кейде ...
 Ұйтқып боран соғады.

Шеген Ахметов

Керекті сөздер: сызып, домбығып, ойнайды, ысқырып.








57



Су – тіршілік көзі

Сөйлемдегі сөздердің байланысы

28. Мәтінді түсініп оқы.

Құс дәнді қалай бөлді?

 мен  бір қара  тауып алды. Оны қалай бөлісуді ойлады. Осы кезде жандарынан  ұшып бара жатты.  : – Мен сендерге көмектесейін, – деді.

– Сен, , қолыңа  ал, жерді қазып,  ек. Ал сен, ,  алып, жерді суғар.

8-2401



 мен  оның айтқандарын істеді.

Күзде үлкен  өсіп шықты, оның  өте көп болды. Олар  бөлісті.  – бір ,  – , ал  ақылды кеңесі үшін тұтас бір  дән алды.

• Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Мәтін саған ұнады ма?
3. Дәннің жақсы өсуіне не себеп болды?
4. Қалай ойлайсың, оған судың пайдасы тиді ме?
5. Суды неліктен тіршілік көзі деп атайды?

29. Жұмбақты қатесіз көшіріп жаз. Шешуін тап.

Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Бірақ тыныш тұрмайды.
Сақтамасаң – қорын тек,
Барша тірлік құрайды.

• Жұмбақтағы сөйлемдерден сөздердің байланысын тап.

30. Керекті сөздерді пайдаланып өлең құра.

Сарқырама


құлайды,
 арыны.
 тулайды,
 сарыны.

Керекті сөздер: қия шыңнан, тасты бұзып, ақ жалданып, құлақ жарар.

31. Дұрыс құрастырылмаған мәтінді қайта құрастырып жаз.

Ал сусыз үш күнге ғана шыдайды. Шөлге ең шыдамды түйенің өзі сусыз сегіз тәулікке ғана шыдайды. Тамақ жемеген адам бір айға дейін шыдай алады.

32. Меңзер бағыты бойынша бір әріп тастай отырып, мақал құрастырып оқы.



58

33. Мәтінді түсініп оқы.

Су – тіршілік көзі. Тіршілік құбылыстарының бәрі судың қатысуымен жүреді.

Су – табиғатта ең көп тараған зат. Оның адамға пайдасы мол. Әсіресе, минералдық сулар адам ағзасына пайдалы. Сондықтан ондай суларды шипалы сулар деп те атайды.

Суды таза сақтау керек. Су ағатын арықтарды, өзен мен көлдің жағалауын ластамау керек.

- Мәтін не туралы?
- Судың адамға тағы қандай пайдасы бар?
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қой.



34. Мәтін мазмұнына сай келетін мақал-мәтелдер, жұмбақтар тауып айт.



- Осы тақырып мазмұнын ашатын шағын әссе жаз.



35. Жұмбақты көркемдеп жаз. Шешуін тап.

Дәмі де жоқ, түсі жоқ,
Пайдаланбас кісі жоқ.



36. Өзен, көл туралы жұмбақ құрастырып көр. Ол үшін төмендегі жұмбақ құрастыру кестесін басшылыққа ал.

Қандай?	Не істейді?	Осындай тағы не бар?	Көмекші сөздер
өдемі	сылдырап ағады	жылға	емес
мөлдір	балықтар жүзеді	аквариум	емес

Өдемі, сылдырап ағады, жылға емес,
Мөлдір, балықтар жүзеді, аквариум емес.
Бұл не?



37. Сызбалар бойынша сөйлемдер құрап жаз.



59

Әңгіме жазамын

Сөйлемдегі сөздердің байланысы



38. Мәтін тақырыбы бойынша оның мазмұнын болжап көр.

Қияндағы* ұя

Қос қыранның бұл шатқалда екі жерде ұясы бар. Бірі – жоғарыда, бірі – төменіректе. Екеуі де адам аяғы жетпейтін

құз жартаста. Кей бүркіттерде мұндай ұя саны бұдан да көп болады. Бұл да жайдан-жай емес, ұрпағын аман сақтап қалудың бір амалы. Бір ұядан қауіп төнгенін сезсе, екінші ұяға барып, балапан басады.

Тұрдақын Жексенбай



- Мәтін не туралы?
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.

• *Бұл шатқалда қос қыранның екі ұясы бар* сөйлемін көшіріп жазып, ондағы сөздердің байланысын сызбамен көрсет.

39. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Қысқы ойын» тақырыбына өңгіме құра.

Тірек сөздер: Аязата, қалың қар, сырғанақ, балалар, зулатып, құмарлары қанғанша, ойнады.

40. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.

Қоршаған орта – біздің ортақ үйіміз. Оны таза сақтау керек. Кез келген жерге қоқыс тастама.

- Сөйлемдегі сөздердің байланысын тап.



41. Сурет бойынша әңгіме құрастырып жаз.

Медеу мұзайдыны



- Коньки тебу үшін қысты күтіп жүру міндетті емес. Мұнда қыста ғана емес, күзде де, көктемде де сырғанақ тебуге болады.



42. Мәтінді түсініп оқы.

60

Қыста барлық адамдар қалың киім киеді. Өйткені ол суықты денеге өткізбейді. Сонымен қатар дененің жылуын сақтайды. Себебі, қалың киімнің арасында ауа бар. Ол даланың суығын ішке жібермейді.

- Мәтін не туралы екенін айт.
- Мәтінге ат қой.
- Мәтіннің түрін анықта.
- Мәтіннің алғашқы екі сөйлемін көшіріп жаз. Сөйлемдегі сөздердің байланысын тап.
- Қыс мезгілін сипаттап көр.

43. Мақалды жатқа жаз.

Қыстың қамын жаз ойла.

- Сөйлемдегі сөздердің байланысын сызбамен көрсет.
- Мақалдың мазмұнын түсіндір. Неліктен осылай айтады деп ойлайсың?

44. Ребустың шешуіндегі сөз мәтіннің тақырыбы болатындай әңгіме құра.





45. Жеке сөздерді бір бөлек, өзара байланысқан сөздерді бір бөлек топтастыр.

Өсімдіктер, су құй, табиғат, нөсер, ақ жаңбыр, суға түкірме, шаңнан тазарады, көбелек, бұта.



46. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Біздің үй ... жақын. Тау аласалау. Таудың бетіне ну ... өскен. Ағаш арасында неше түрлі ... болады. Олар ... жәндіктерді теріп жейді. Құстарға тимеу керек. **Құстар ... пайдалы.**

Керекті сөздер: тауға, зиянды, адамға, құстар, қарағай.

- Қарамен жазылған сөйлемдегі сөздердің байланысын тап.
- Сөйлемдегі сөздердің дұрыс байланысуының қажеттігін дәлелде.



61–62

НӘТИЖЕ САБАҚ

Мен не үйрендім?

1. Тиісті тыныс белгілерін қойып, өлеңді көшіріп жаз.

- Еңбек десе ерінеді
- Ол кім
- Жалқау
- Жанжал десе, кіжінеді
- Ол кім
- Сотқар

Әдібай Табылды

2. Сөйлемдерді сөйлем түрлеріне сәйкестендір.

Хабарлы сөйлем

Мысық қалай дыбыстайды?

Өркенің өссін, қарағым!

Түлкінің төлі не?

Сұраулы сөйлем

Мал тыныстайды.

Астана қандай әдемі қала!

Лепті сөйлем

Керіктің мойыны ұзын.



3. Көп нүктенің орнына сын-сипатты білдіретін сөздерді қойып, мәтінді көшіріп жаз.

Көрікті Алатау аясындағы мемлекеттік қорықта түрлі хайуанаттар тіршілік етеді. Солардың бірі – марал.

Маралдың түсі ..., дене бітімі ..., мүйізі

Маралдың мүйізінен әртүрлі дәрі-дәрмек жасалады. **Марал – пайдалы жануар.**

- Қарамен жазылған сөйлемдегі сөздердің байланысын сызбамен көрсет.

- Мәтін түрлеріне сәйкес сызбаның көмегімен әр бөлікке сұрақ қой.

1. Марал қайда тіршілік етеді?

2. _____ қандай?

3. _____ неліктен _____ ?

4. Мәтінді мұқият тыңда.

Ақселеу

Екі дос үй-үйдің арасымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Ақселеу де, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын.

Бір үйдің жанынан өте бергенде, дәу қара төбет абалап үріп шыға келді.

– Ақселеу, қаш, өне, ит келіп қалды! – деп, Абыз айқайлап жүгіре жөнелді.

Ақселеу жерден бір шыбық алып, қашпастан итке қарсы ұмтылды. Айбар шекті*. Көршілер келіп, Ақселеуді айырып алды. Бірақ оның шалбары жырым-жырым болды.

Абыз Ақселеудің жанына келіп:

– Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашсаң, сен де аман қалатын едің, – деді.

– Мен қашсам, денсаулығың жоқ, алысқа жүгіре алмай-

тын сен тұтылып, мен құтылатын едім. Сені қорғап қалу үшін әдейі қашпадым, – деді Ақселеу.

– Ақселеу бала да болса, азамат екен! Оның мұнысы нағыз достық! – деді екеуінің әңгімесін тыңдап тұрған бір ақсақал сүйсініп.

Мәдіхат Төрежанов

- Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Саған қай кейіпкердің іс-әрекеті ұнады? Неліктен?
- 2) Мәтіннің мазмұны бойынша қандай ой түйдің?

- Берілген жоспар мен тірек сөздерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын жаз.

Жоспар	Тірек сөздер
1. Екі дос. 2. Дәу қара төбет. 3. Ақселеудің әрекеті. 4. Нағыз достық.	Абыз, Ақселеу, дәу қара төбет, Абыздың әрекеті, Ақселеудің әрекеті, қарсы ұмтылу, құтқару, Ақселеудің жауабы, ақсақалдың сүйсінуі.

5. Мәтінді оқы. Қайталанып тұрған сөздерді мағынасы жуық сөздермен алмастырып айтып көр.

Біз Астана қаласына саяхат жасадық. Онда әдемі салынған үйлер көп екен. Оқушылар сарайы да өте әдемі.

- Мәтінге ат қой және өз нұсқаңды дәптерге жаз.



63–64-сабақтар – бақылау диктанты



ОҚУЛЫҚТАҒЫ ҚИЫН СӨЗДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

А

Айбар шегу – қарсылық жасау, сес көрсету.

Ә

Әйдік – керемет, тамаша, мықты.

Әшекей – әдемі ою-өрнек, нақыш.

Б

Баба – арғы ата, ұлы ата.

Басқатырғы – ойландыруға арналған ойын түрі.

Белдемше – той-думанда көйлек үстінен киетін әйел киімінің сәнді түрі.

Бұйым – мүлік, жиһаз, дүние.

Г

Гербарий – арнайы кептірілген өсімдіктердің коллекциясы.

Д

Дуал – үйдің, қораның сыртын айналдыра бекіткен қоршау.

Ж

Жомарт – мейірімді, кеңпейіл, қолы ашық.

К

Кен – жер асты байлығы.

Көздің жауын алу – әдемілігімен, көркемдігімен таңдандыру.

Күзгі жиын-терім – күзгі егін жинауды аяқтау кезі.

Қ

Қамзол – әйелдер көйлек сыртынан киетін жеңсіз, жеңіл сырткіім.

Қиян – биік тау беткейі, қия шың.

Қосетек көйлек – бір етектең үстінен екінші етек бастырып тігілген сәнді көйлек түрі.

Құнықтыру – қызықтыру, құмар ету.

Қынап – қылыштың қабы.

**Л**

Лағыл – асыл тастардың бір түрі.

М

Миуа – жеміс-жидек, мәуе.

Мұрагер – мұраға ие, мирасқор; белгілі бір істі жалғастырушы, өнегелі жолды қуушы.

О

Оқырман – кітап, газет, журнал оқып тұратын адам.

Ө

Өң – ажар, көрік, жүз, реңк, бет-пішін; түрі-түсі, бояуы.

Өңшең – бірдей, біркелкі.

Өңір – киімнің алдыңғы екі бойы; атырап, аймақ, өлке.

Р

Рақат – керемет, ғажап деген мағынадағы сөз.

Рауан – таңның жаңадан атып келе жатқан кезі, жарық сәуле.

Ризық – адамның өзіне бұйырған несібесі.

Рухани азық – адамның жан азығы болатын, білімін өсіретін көздер.

С

Сабантой – күзгі егін орағы біту құрметіне жасалатын той.

Сеңсең – марқа қозының қырқылмаған өскелең жүнді терісі.

Сынап – күміс түсті сұйық зат.

Т

Тору – аңду, бақылау.

Тосылып қалу – не дерін білмей бөгеліп қалу, мүдіріп қалу.

Ү

Үлпа – үлпілдеген аппақ, жұп-жұмсақ; өте ұсақ, мап-майда.

Ү

Үскірік – бет қаратпайтын суық сары аяз, жел.

**Х**

Хал – әл-дәрмен, шама, күш-қуат; жай-күй, тап болған жағдай.

Ш

Шабандоз – атқа, әсіресе бәйге атына жақсы шабатын бала, кісі.

Шағыл – белес-белес, жота-жота болып үйіліп қалған құм.

Ы

Ышқына тебу – қатты күш салып тебу.

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІК

ардагер	жиек	рухани
ататек	компьютер	сәукеле
ауызекі	кішіпейіл	тақия
ащы	қадір	тұсаукесер
аяқ	қамзол	уәде
бүлдірген	мақұлдау	ұялы телефон
бүршік	миуа	ферма
білімқұмар	монолог	хайуанат
гербарий	мұрагер	хал
диалог	өмірбаян	хал-жағдай
желмая	парашют	Інжу
		Юпитер



МАЗМҰНЫ

ӨЗІМ ТУРАЛЫ	4
Менің ана тілім – қазақ тілі. Сөйлеу не үшін қажет?	5
Ауызекі және жазбаша сөйлеу	7
Диалог. Монолог	9
Өзіме киім үлгісін таңдаймын. У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы	11
У әрпінің жазылуы	14
Кейіпкерлердің киім үлгісін, әшекей бұйымдарын суреттеймін. И, й әріптерінің жазылуы	19
Сезім мүшелері туралы не білемін? Я әрпінің жазылуы	25
Сезім мүшелері туралы өлең құрастырамын. Ю әрпінің жазылуы	30
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	35
 МЕҢІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ	 40
Өз отбасымның шежіре ағашын жасаймын. Дауыссыз дыбыстардың түрлері	41
Сұхбат аламын. Дауыссыз б мен п	45
Дауыссыз қ мен ғ	51
Өмірбаян жазамын. Дауыссыз к мен г	55
Дауыссыз л мен р	59
Келешекті елестетемін. Дауыссыз н мен ң	63
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	67
 МЕҢІҢ МЕКТЕБІМ	 70
Мектеп – бұл менің мұғалімдерім мен сыныптастарым. Мәтін дегеніміз не?	71
Мәтіннің тақырыбы және мәтіндегі негізгі ой дегеніміз не?	73
Мен мектебім мен сыныптастарымды жақсы көремін. Мәтіннің құрылымдық бөліктері	75
Суретпен таныстырамын. Мәтін және оның түрлері	80
Диалог жаза аламын. Сөйлем дегеніміз не?	85



Үзіліс кезінде демалуға арналған ережелерді сақтаймын.	
Хабарлы сөйлем	88
Мектептегі тәртіп ережелерін құрастырамын. Сұраулы сөйлем.....	91
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	97
МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ	99
Табиғат және адам. Лепті сөйлем	100
Жер бедері деген не? Лепті сөйлем.....	104
Өлең құрастырып, каллиграмма жасаймын. Сөйлемдегі сөздердің байланысы.....	109
Су – тіршілік көзі. Сөйлемдегі сөздердің байланысы.....	113
Өңгіме жазамын. Сөйлемдегі сөздердің байланысы.....	116
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	120
ОҚУЛЫҚТАҒЫ ҚИЫН СӨЗДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕ	
СӨЗДІГІ.....	123
ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІК	125

Оқу басылымы

**Жұмбаева Әзия Елеупақызы
Уайсова Гүлнар Инаматқызы
Сәдуақас Гүлбану Темірияқызы**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

Редакторлары *Ж. Қайранбай, А. Ноғайбаева*
Көркемдеуші редакторы *М. Нұрбеков*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Е. Амангелді*
Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 007

Теруге 04.01.2017 берілді. Басуға 03.05.2017 қол қойылды. Пішімі 84x108 ¹/₁₆.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 13,44. Есептік баспа табағы 5,62.
Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс №2401.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.